

Қамқорлығын көп көрдім
3-бет

Ахаң және «Қазақ» газеті
4-бет

Біздің өз дикторымыз!
5-бет



ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

ORTALYQ QAZAQSTAN

1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТИ

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz/

СЕЙСЕНБІ, 27 MAУСЫМ, 2023 ЖЫЛ №71 (23 247)

www.facebook.com/ortalyq.kz/ info@ortalyq.kz

Құрметті облыс тұрғындары!

Баршаңызды асыл дініміз Исламның қасиетті де ұлы мерекесі – Құрбан айт мейрамымен шын жүректен құттықтауға рұқсат етіңіздер!

Құрбан айт мерекесі адамдарды татулық пен мейірімділікке шақыратын ерекше маңызға ие діни мейрам болып табылады.

Қадірлі қауым!
Құрбан айт мейрамы құтты болсын!

Ниеттеріңіз қабыл, мұраттарыңыз асыл болуын тілейміз. Еліміз аман, аспанымыз ашық, Отанымыз тыныш болсын!

Әрбір отбасына амандық пен береке тілейміз!

Құрбан айт мерекесі құтты болсын!

Ермағанбет БӨЛЕКПАЕВ,
Қарағанды облысының әкімі
Нұркен ҚОБЖАНОВ,
Қарағанды облыстық мәслихатының төрағасы

Құрметті Бұқаралық ақпарат құралдарының қызметкерлері!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймыз. Бұл күні қоғамның игілігі үшін күндіз-түні еңбек етіп жүрген телерадио, баспа басылымдары, полиграфия және байланыс саласы қызметкерлеріне шынайы құрмет көрсетеміз.

Сіздердің кәсіби шеберліктеріңіз бен объективті ұстанымдарыңыз елде болып жатқан маңызды оқиғаларды қоғамның дұрыс қабылдауына ықпал етеді. Қазір елімізде болып жатқан экономикалық және әлеуметтік өзгерістер туралы ақпаратты азаматтарға дұрыс және шынайы жеткізу маңызды.

Қарағанды облысы журналистикасының кәсіби деңгейі жоғары. Журналистер күн сайын өңірдегі жаңалықтар туралы жазып, газет шығарып, сол арқылы өлкенің, елдің тарихын ұрпақтан ұрпаққа жеткізуде. Олар өңірдің қоғамдық өміріне белсене араласып, өзекті мәселелерді ортаға салып, олардың шешімін табуына, қоғамды одан әрі дамытуға атсалысуда. Ақпарат құралдары жұмысының арқасында біз шешуді қажет ететін өзекті мәселелер туралы білеміз.

Бүгінгі таңда облысымызда 188 түрлі ақпарат құралы тіркеліп, жұмыс істеуде. Онда 3000-нан астам адам еңбек етеді. Барлық байланыс және ақпарат қызметкерлеріне жоғары кәсібилігі мен мамандығына адалдығы үшін шын жүректен алғысымызды білдіреміз.

Сіздерге зор денсаулық, отбастарыңызға амандық пен береке және шығармашылық табыс тілейміз!

Ермағанбет БӨЛЕКПАЕВ,
Қарағанды облысының әкімі
Нұркен ҚОБЖАНОВ,
Қарағанды облыстық мәслихатының төрағасы

• МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

Төрлет, Төртінші билік!

Өркениеттен бас тартқыңыз келе ме?! Газет пен журнал оқымаңыз. Теледидар көрмеңіз. Радио тыңдамаңыз. Нақты ақпаратқа сүйенбеңіз. Қазіргі күннің су жана қарғысы не десеніз. «Жаналықтан жұрдай болыңыз!» дер едік. Журналист. Жоғалғанның жоғын іздейтін, әлемнен әділет күтетін, қоғамның қордаланған дүниесіне дегерсізденіп, бірінші болып дабыл қағатын, ең керегінен айырылып қалса да, еліне жерұйық іздеп жүретін, идея үшін жанын беруге даяр парасат майданының марғасқасы, ақпарат абаданы.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Бұқаралық ақпарат құралдары бәсекеге қабілетті және еркін болуы керек. Бұл қағидат қазір кез келген өркениетті ел үшін айрықша маңызды. Отандық ақпарат құралдарының Қазақстанда, өңірде және әлемде болып жатқан үрдістер туралы өз көзқарасы болуы тиіс. Еліміздің ақпараттық қауіпсіздігі, тіпті идеологиялық дербестігі осыған байланысты. Мемлекет ашық ақпараттық кеңістік құруға ерекше назар аударарды. Сұранысқа не және мықты медиа билік пен халық арасындағы тиімді коммуникация арналарын ұсына отырып, БАҚ көкейкесті мәселелерді көтере алады және көтеруі керек. Бірақ мұны үлкен азаматтық жауапкершілікпен жасау қажет. БАҚ-ты Төртінші билік деп бекер атамайды, сол себепті сіздерге адамдардың санасы мен жүрегіне әсер еткенде сақ болған жөн», – деді Қазақстан Президенті.

Бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерінен патша да, пақыр да «аяғын тартыпқырап» тұратыны аян. Осындайда Наполеонның «Жауға қарсы жүздеген мың кол әскерден, төрт газеттің ойсырата соққы беру мүмкіндігі зор» дейтінін еске түсірсеніз, жеткілікті болғандай. Адамға да, қоғамға да ықпал ете алу үшін қандай болмақ керек?! Кез келген ұлттың көшін алға сүйреп, танымын арттыратын ағартушылары болады. Солардың бірі Алаш арысы ер Міржақып «Қай жұрттың бас-



пасөзі күшті болса, сол жұрттың өзі де күшті, өзі де өнерлі екендігі көрінеді, яки қай жұрт өнерлі болса, сөзсіз оның баспасөзі күшті болатыны айдай анық» деп журналистиканың маңызын атап айтқан еді. Арыстан артық айтпаймыз.

Қазір ақпарат – айдан жарық, күн сәулесінен жылдам. Адамды ақпарат басқа-

ратын ғасыр. Мезет сайын қолыңыздағы ұялы телефоныңыздың ернеуіне меймілдеп толған түрлі ақпарат көзіңіз қарғып, құлағыңыз жаңғырады. Қым-қуыт қоғамның қым-қиғаш оқиғаларының аражігін ажыратып, қайнаған өмірдің өзегін суырып беретін журналист бейнетінен артық не бар?! Задында журналист болу тағдыр

шығар. Талай жанға тілек етпес таңғажайып талайлы жазмыш. Сергелдені сегіз сағатпен шектелмейтін, ерен еңбегінің қуны өтелмейтін таңдаулы жандар бұлар. Қаламына қанат біткен қаһармандар! Демократия халықтың мойнындағы тұмар болған болса, баспасөз тұмардың ішіндегі дұғасы іспеттес. Ең мықты журналист

– нағыз демократ. Ең мықты демократ – нағыз журналист. Төртінші билік өкілінің халықтан өзге құбыласы жоқ. Ашпайтын есігі, баспайтын баспалдағы жоқ. Әлеуметтің жоқ-жітігін түгендеп жүрген жан-кешті тілшілеріміздің әлеуметтік мәртебесі айқындалсын деген тілек қосамыз! Төрлет, Төртінші билік!

• ІШТЕ ПІКІР ӨЛГЕНШЕ...

Газет пен оқырман неге диалог құра алмайды?

Газет пен оқырманның арасы қазір алшақ. «Газеттің күні өтті» дегенді екі күннің бірінде естиміз. Интернет дәуірінде онымен кешірдек керісетін де емес. Бірақ, күй сеніңіз, күй сенбеңіз. Әлі күнге «Орталық Қазақстанды» екі көзі төрт боп күтетін оқырман бар. «Уақытында келмейді» деген өкпе-наз өршімесе, азайған емес. Телефонның құлағына дамыл таптырмайтын оқырмандардың обалы – «Қазпоштада». Тұрасын айтайық, «Қазпоштаның» тап бұл күні «айшылық алыс жерлерден жылдам хабар алдырған» деп арқаға қағып, мадақпайла алмайды екенбіз. Жалпы, газет-журналдың көрер жарығының азайып бара жатқанына «Қазпоштаның» да қомакты «үлесі» бар. Жазылып газеттің жабыла іздеп жүріп, алдыра алмайтын халге жеткен бұл жұрт. Қазақ газеттері осылай қан қақсағалы қанша жыл?! Жалғыз үйдің қарғасындай монополистке газеттің шырылы шыбын шаққан құрлы әсері жоқ. Сондықтан да, осы күні газет пен оқырманда диалогтан гөрі монолог белең алған. Екеуі қанша мұнданса да, мұратына жете алмаған бейбақ секілді...

Қызғалдақ АСҚАРҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Шалғайдағы ауыл түгілі Қарағанды қаласының басында басылымды алмау – күйіп тұрған мәселе. Бүгінде газеттің таралымы азайып кетті дейміз. Байыптасаңыз, оның бәрі бірдей «газет оқылмайды» деген «сылтауға» мүлде сыймайды. Әлбетте, ақпараттық технологияның да әсері бар шығар. Индетсек, ол – оқырманның газеттің үйіне жетуінен күдер үзгенінің көрінісі. Газеттен емес, әрине. Жеткізілуінен.

«Орталықты» іздеп, қанша оқырман телефон соққанын санап отыратын емес. Әйтсе де, сеніңіз, сансыз. Кей оқырманның күйінетіні сондай – тарату тап бір редакцияға тіреліп тұрғандай көреді. Олар қайдан білсін, редакция да оқырман секілді «Қазпошта» деген жарты патша алдында қауқарсыз күй кешіп жатқанын. Редакцияның да «айтқаны жартасқа барып айқай салып, одан шыққан жаңғырықтай» екенін «оққшы» оқырманның қайсына жекелеп, ежіктегендейсіз.

Сол мыңдаған оқырманның мұның бір оқырман сөзімен жеткізсек...

«Мен Қарағанды қаласы Гапеев көшесінде тұрамын. «Орталық Қазақстанды» оқығалы 50 жыл. Тұрақты оқырманымын. Жасым тоқсаннан асты. «Орталыққа» бір жылға жаздыртамын. Бірақ, пошта тасымалдамайды. Жаңа жылдан бері балаларымды, немерелерімді поштаға жұмсап



алдыртып келемін. Бірнеше рет редакцияға да шағымдандым. Әйткенмен, одан нәтиже шығарған пошта жоқ. Бір аптаның газеттерін жинап-тергізіп әкелдіремін поштадан.

Өзім «Орталықты» оқу арқылы маңайдан хат-хабар алғандаймын. Менің хабаршым «Орталық» еді. Енді, міне, оған да қол жеткізе алмайтын боп барамын. Қанша ескерту жасасак та, еш өзгеріс жоқ», – дейді Қарағанды қаласының тұрғыны Сағынтай Әбішев.

Бұл бірдің ғана үні емес. Мұны мыңдаған оқырманның жан айқайы деп білген жөн.

Тасымалдау мәселесі өңір түгілі республикалық деңгейде талқыға түскен. Одан шыққан нәтижені көре алмай арманда кетіп барамыз. Жаңылмасак, 2019 жылы шалғай ауылдарға «Қазпошта» дронмен тасымалдауды жолға қояды деп жар салған жаңалық шыққан. Оның 2017 жылдан бері пысықталып, екі жылдан соң сәтті іске асқанын да сол кезде басқарма басшысы жариялаған еді. Ондағы жаңалық «Бұл жоба негізінде 2017 жылы қолға алынған болатын. Сол кезде ауыл-ауылға газеттер

таратылған еді. Дрон 1 150 салмақ жүкті 16 мың шақырым жердегі ауылға жеткізген болатын. Ол сағатына 460 шақырым ұшады екен. Ал жалпы 4 келіге дейін салмақты көтере алады» деген сыңайда еді. Алайда, аңғарғанымыздай, ол да жағдайды жақсартта алмады.

Одан беріде «пәленше ауылға түгенше дронмен газет жетті» дегенді естісек, құлағымыз керек болсын. Ауыл түгілі баспаханасы қозы көш жерде орналасқан қаланың өзінде оқырман байғұс зар илеп отыр емес пе?!

Біз үнемі тас ата беретін Кеңес Одағы кезінде бір үйде пәленше газет жаздыратын дәурен енді газеттердің басына қайтып келмейтін дәуір. Әрі сол кездегі идеологияның киіз қазықты жерге кіргізетін тоқпағының күштілігін көреміз. «Онда газеттен басқа ермек жоқ, содан солай» деген сынаржақ пікір жиі айтылғанымен, оның соңында адамдардың медиа сауаты деген мәселе қылтыяды.

Жылайық, жыламайық, газетті қонышына салып, оқитын шопан аңыз ғана. Ауыздың суын құртып айтатын. Бұл күні шопан тұрмақ шенеуніктің өзі «тоқмейіл». Содан да қазақ газеттерінің қалған «күнін» санап, «жаназасын» шығаруға асықпыз.

Шыны керек, «адамға екі рет доңыз десе, үшіншіде өзі қорсылдайды» деген «бір түрлі» мәтел бар. Қай елдікі екенін білмейміз. Дәл сол сияқты «Газеттің керегі не?» дегенде әуеліде өре түрегелетін едік. Осы күні олай емес. Өзгеріп барамыз. Үнсіз қалатын болғанбыз. Енді шамалыдан соң, бара-бара бас шұлғимыз. Одан арғысы мәлім...

Ал, оған дейін газет пен оқырман диалог құра алмай құса бола ма деп қорқамыз. Ол құсадан құтқарушы кім екені әзірге бұқараға да, басылымға да беймәлім... Мүмкін құтқарушы жоқ та шығар... Қайдан білейік?!



• МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

Жылыту маусымына дайындық жалғасуда

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша облысымызда да жылумен жабдықтау желілерінің жай-күйіне талдау жүргізу орындалуда екені айтылды облыс әкімдігінде өткен аппараттық кездесте. Бірқатар қалаларда зерттеулер жүргізілген, қалғандары жақын арада аяқталуы тиіс. Жалпы, жөндеу науқанына барлығы 96,4 млрд. теңге жұмсау жоспарда. Бұл өткен жылы бөлінген қаржының үштен біріне артық. Одан бөлек, жылу желілері мен жылу көздерін жаңғыртуға қаржыландыру ұлғайтылған.

Салтанат ЛИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Мемлекет басшысының облыс бойынша тапсырмасына сәйкес жылумен жабдықтау желілеріне техникалық тексеру жүргізу жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді. Бүгінде тексеру Қарағанды, Приозерск, Саран және Абай қалаларында жүргізілді. Балқаш, Теміртау және Шахтинск қалаларында жұмыс жалғасуда. Оларды осы айдың соңына дейін аяқтау қажет, – деді облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Ербол Төлеуов.

Сондай-ақ, Ербол Уәлиұлы энергия станциялары мен жылу желілеріндегі жөндеу жұмыстары туралы да мәлімдеді. Оның айтуынша, алдағы жылы маусымна дайындық мамырда басталған. Қазірдің өзінде станцияларда 8 қазандық пен 6 турбина жөндеген. Кестеге сәйкес 16 қазандық пен 9 турбина жөнделіп жатыр.

Басқарма басшысы проблеманың да бар екенін айтты аппараттық кездесте. Мәселен, бірқатар энергия көздерінің жұмыс кестесі бұзылған. «АрселорМиттал Теміртау» АҚ ЖЭО-2, «Топар» негізгі энергия тарату станциясы, Қарағанды, Ақтоғай және Қарқаралы аудандарындағы қазандықтар мен



дербес жылыту жүйелерін дайындау бойынша бекітілген мерзімнен қалыс қалу тіркелген. Инженерлік желілерді жөндеу бойынша кемшіліктер де жоқ емес. Олар облыс орталығында, Балқашта, Теміртауда және Ақтоғай, Нұра, Шет аудандарында анықталған.

Ербол Төлеуов жүргізіліп жатқан жұмыстарды аяқтаудың соңғы мерзімі 1 қыркүйекке сәйкес келетінін де ескертті. Сондықтан, облыстық басқармалар ведомстволық бағынысты ұйымдардың дайын-

дығын бақылауға алуы тиіс.

Ал, ықтимал тәуекелдер жайлы аумақтық энергетикалық қадағалау және бақылау департаментінің басшысы Ернар Хасенов мәлімдесе, қала және аудан әкімдері жылу желілерін жөндеу бойынша есеп берді.

Теміртау қаласының әкімі Ораз Тәуірбеков өзі басқаратын қалада алты жоба іске асырылуда екенін айтты. Одан бөлек, 30 шақырымнан астам жылу магистралінде жөндеу жұмыстары жүргізілген. Қала әкімі

жоспарланған жұмыстар мерзімінде орындалады деп сендірді.

– Өткен жылыту маусымы проблеманың бар екенін айқындады. Мұның бәрін алдағы қысқа дайындық кезінде ескеру қажет. Тір-

шілікті қамтамасыз ету объектілері мен тұрғын үй қорын дайындау жөніндегі жұмыстарды орындауда іркілістерге жол бермеу керектігін көрсетті. Энергетикалық қадағалау департаменті, энергетика басқармасы жөндеу науқанын бақылауды жалғастырсын, – деп атап өтті облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев.

Сондай-ақ, өңір басшысы жеке сектор тұрғындарының алдын ала көмір қорын жасап алу үшін ақпараттық жұмыстарға назар аудару керектігін тілге тиек етті.

• БӘРЕКЕЛДІ!

Асылан – үздік әкім

Қоғамдық саяси үдерістерді назарға ала отырып әлеуметтік әлеуеттенуіне бірден-бір ықпал ететін әкім. Халықтың тілін тауып, талап-тілегін назарға ұстап, өтінішін орындайтын да әкім. «Әкім бол, халқыңа жақын бол» демекші, өзіне қарасты ауыл тұрғындарының алғысына бөленіп жүрген Асылан Рахымбергенов өзі қатарластары-әріптестері арасынан тағы да топ жарды. Аудандағы әріптестерінің алдын орап, «Үздік ауыл әкімі» байқауының облыстық деңгейінде жеңімпаз атанса, республика бойынша бірінші орынды иеленді.

Сағыншы ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»



Алғаш еңбек жолын ұлы мамандық ұстаздық жолдан бастады. Өскекең ұрпаққа саналы тәрбие мен сапалы білім берді. Кейіннен аудандық жастар ресурстық орталығының басшысы қызметінде болған Асылан Рахымұлы аудан жастары алдында абыройлы. Өзінің азаматтық келбеті, адами қасиеттері, білім-біліктілігі, көшбасшылық қасиеті, ұйымдастырушылық қабілетімен ерекше көзге түскен әкім ауылының түлеуіне зор еңбек сіңірді. Таңмен таласа тұрып, ауыл көшелерін аралау, күнделікті халықтың ты-

ныс-тіршілігімен танысу, түйткілді мәселені оңтайлы шешу, адамдардың ой-пікірімен санау, түйсіну мен түсіністік орнату Асылан Рахымбергеновтің күн тәртібінен түспейтін басты қағида. Әріптестерінің қолдауы, халықтың алғысымен алға қарай нық жүріп келе жатқан азаматтың абырой – еңбегінің елегені, мәртебесі – ауылының көркеюі. Осы жолда қарышты қадам басып келе жатқан Асылан Рахымұлына толағай табыс тілейміз.

Қарқаралы ауданы

DIGITAL KAZAKHSTAN

IT саласының үздігі

2021 жылдан Қарағанды облысының білім басқармасы inDrive компаниясымен бірлесіп BeginIT жобасын қолға алды. Бұл жоба балалар үйлерінің, мектеп-интернаттардың және ауылдық мектептердің қабілетті оқушыларын анықтап, олардың IT-құзыреттіліктерін дамытуға жол ашады. Бүгінде BeginIT жобасы облыстың тоғыз мектебіне енгізілген.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жобаны іске асыру аясында бағдарламалауды және басқа да цифрлық дағдыларды дербес асинхронды оқыту үшін халықаралық және қазақстандық білім беру платформаларына қол жеткізуге 210 лицензия берілген.

– Жоба мақсаты – ауыл балаларының, балалар үйі тәрбиеленушілерінің IT-құзыреттілігін дамыту. 2022-2023 оқу жылында осы жобаға 8 ауылдық мектеп және «Таншопан» балалар үйінің тәрбиеленушілерінен 119 бала қатысты. Жоба арқылы 2022 жылдың соңында 21 бала Астана қаласына барды. Қазақстандық компаниялардағы кәсіби мамандар көмегімен цифрлық дағдылар бойынша екі қысқа мерзімді білім беру бағдарламасы ұйымдастырылды. Олар No code school және Digital design деп аталады. Оқушылар онлайн режимде курстарға қатысты. <http://okoo.kz/> платформасы арқылы балаларды робототехникаға, дизайн жасауға үйретеді. Оқу жылының қорытындысы бойынша 17 өңірден қатысқан 300 оқушының ішінен үздік 10 оқушының қатарына Шет ауданы Ж.Ақылбаев атындағы



мектеп-гимназияның оқушысы Нұрасыл Шәкір енді. Енді ол 2023 жылғы 28-30 тамызда Астана қаласында өтетін BeginIT Summer Fest жазғы фестиваліне қатысады, – деді Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы директорының орынбасары Есбол Аринов.

Game Fest BeginIT-ге қатысып, No code school курсының екінші ке-

зеңінің жеңімпазы атанған қарағандылық оқушы Нұрасыл Шәкір үздік оқушылар қатарына енді. Ол қазір жазғы фестивальге дайындалуда.

ішінде QA-инженер-тестер болуды армандаймын, – дейді Нұрасыл.

Жоба үш турға бөлінген. Бірінші турда бағдарламалау тіліне арналған сабақтарды оқытқан, дұрыс орындалған тапсырмаға балл берілген. Нұрасыл рейтинг бойынша үздік болып шығыпты. 2022 жылы 5-6 желтоқсан аралығында өзімен бірге бір мектептен 4 үздік оқушы Астана қаласына Game Fest BeginIT inDrive компаниясы ұйымдастырған фестивальге қатысқан. Нұрасыл екінші турға өтіп, No Code School жаңа курсына оқыған. Ол өз жобасын жасауға 3 ай уақыт жұмсаған. «SmartMart. Интернет техника дүкені» сайтының код қолданбай жасап, жобаны сәтті қорғап шыққан. Нұрасыл курста визуалды технологиялармен жұмыс істеуді, оның ішінде сайт құру, мобилді қосымшалар жасау, телеграм бот құруды үйренген.

– Astanahub-та GameDev индустриясы және «Meta галам мамандықтары» курстарынан өттім. Іріктеуден өтіп, No Code School бағдарламасы бойынша оқыдым. Маған жобаны дайындау үшін тақырыптар берілді. Мен жабдықтар дүкенінің веб-сайтын құрдым және жобаны сәтті қорғадым. Осылайша BeginIT жобасының үздік ондығына кірдім. Қазір жазғы фестивальге дайындық үстемдемін. Сондай-ақ, мобилді қосымша әзірлеп жатырмын. Егер жоба жұмыс істесе, біз оны Playmarket-ке шығарамыз. Сондай-ақ, бағдарламалау тілін оқыту үшін сайт құрғым келеді, – дейді Нұрасыл Шәкір.

• ДЕНСАУЛЫҚ

Энтеровирус әлекке салмасын

Жыл сайын жазғы уақытта энтеровирусты инфекциялар белен алады. Былтыр бес айда энтеровирустардан пайда болатын серозды менингит күдігімен 11 жағдай тіркелді. Оның жетеуі расталды. Былтыр бұл кезеңде 16 жағдай тіркелген болатын. Облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті мамандары вирустан сақтануды ескертті.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Серозды менингит жағдайлары Қазыбек би атындағы ауданда, Шахтинск қаласы, Бұқар жырау ауданында тіркелген. Мамандар-

дың айтуынша, ауыргандардың дені 14 жасқа дейінгі балалар. Ауру суық тию (49%), ашық су қоймаларында суға түсу (28,5%), жеке гигиенаны сақтамау (21%) және науқас адаммен қарым-қатынас (1,4%) кезінде пайда болған.

Энтеровирусты инфекция – жыл бойы тіркелетін ауру. Бірақ, оның өршуі жазғы-күзгі мезгілде болады. Вирус суда немесе дымқыл жерлерде екі айға дейін сақталады. Ультракүлгін сәулесінен, қайнатқанда не кептіргенде өледі.

– Жұқтырған адамда әуелі дене қызуы көтеріледі. Әлсіздік, бас, тамақ ауруы, ауыз қуысында бөртпе пайда болуы мүмкін, кей жағдайда жөтел, мұрынның бітуі байқалады. Аурудың 1-2 күнінде аяқ-қолда бөртпе шығады. Ол 24-

48 сағат ішінде сақталып, сосын кетіп қалады. Ауру көп жағдайда айқын белгілерсіз өтеді, тек 1-3%-ында ғана асқынулар болуы мүмкін, – дейді облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Гүлжан Байгутанова.

Аурудың асқынуы серозды менингитке алып келеді. Ол – бас ми қабығының зақымдалуымен сипатталатын жіті инфекциялық ауру. Гүлжан Жақтайқызының айтуынша, вирус әркезде артып тұрады екен. Мәселен, 2014



жылы 139 жағдай, 2019 жылы 135 жағдай тіркелген.

– Департамент энтеровирусты инфекцияларға мониторинг жүргізіп отырады. Эпидемиологиялық инфекция анықталған жағдайда ауру ошағын, қоздырғыштарын анықтау, оның шекарасын белгілеу, оның басқаларға жұқпауы бақыланады. Қоршаған ортадағы энтеровирустардың айналымы зертханада тексеріледі. Мамырдан бері ашық су қоймаларынан энтеровирус инфекцияларына 29 сынама алдынды. Вирус анықталған жоқ, – деді Гүлжан Жақтайқызы.

Мамандардың айтуынша, су көптеген инфекциялық аурулардың берілу көзі. Сондықтан, күннің ыстығына қарамастан, ашық су қоймаларына немесе субұрқаттарға түспеген жөн.

• ШАПАФАТ

Қамқорлығын көп көрдім

Республикамызда қалам ұстаған әріптестеріміздің көпшілігі өздерін «Шерханниң шекпенінен шыққанбыз» деп айтады. Ал, біз, қарағандылық қаламгерлер, мен – Ержан Имашев, Төлеубай Ермекбаев, Жомарт Оспанов, Ермек Балташұлы, Жұлдыз Тойбекова және басқалар «Заркын ағамыздың шекпенінен шыққандармыз».

ERJAN IMASH,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бүгінде сексеннің сегізіннен асқан Арқа журналистикасының абыз ақсақалы, академик Заркын Тайшыбаев әлі де аттан түсе қойған жоқ. Ол біздің баспасөз саласына келуімізге жол ашып, бағыт-бағдар беріп, қабырғалы қаламгер атануымызға себепші болған жанның бірі емес, бірегейі. Соның ішінде, мен Зақанның шапағаты мен қамқорлығын көп көрдім. Онымен таныстығымызға да елу жылға таяп қалыпты...

Мен онда Қарағанды мемлекеттік университеті филология факультетінің студенті едім. Алғаш жазған-сызғандарымды, өлең мен шағын мақалаларымды облыстық «Орталық Қазақстан» газеті редакциясының Мәдениет және әдебиет бөліміне алып келемін. Оның менгерушісі Заркын ағамыз мені жассынбай, терезесі тең адамдай сөйлесіп, арасында қалжыңдарын қыстырып, ақыл-кеңесін аямай айтады. Сол бөлмесінен кәдімгідей қанаттанып шығып, одан кейін тырнақалды туындыларым жарық көргенде, өзімді бір ақын-жазушыдай сезініп жүретінім.

Кейін, 1982 жылы университетті бітіріп, бұрынғы Егіндібұлақ ауданында 3 жыл мұғалім, одан соң екі жылдай Бұқар жырау ауданындағы туған ауылым Үлгінің өзім оқыған сегізжылдық мектебінде директор болғанымда да редакциямен байланысымды үзбедім. Жазғанымның бәрін Зақаңа жіберіп тұрам. Шығармалар, тоқтаусыз жарияланып жатады. Сондай бір күндері қызық болды. 1982 жылдың 10 қарашасында СОКП Орталық Комитетінің Бас хатшысы Леонид Ильич Брежнев қайтыс бола қалмасы бар ма. Кезінде Кеңес өкіметін құрған Ленин де – Ильич, ол да – Ильич. Тақырыптың табыла кеткені. Бірден отыра қап «Өшпек емес есімі Ильичтердің!» деген өлең жазып, газетке жолдайын. Қашан жарияланады деп тосып жүрмін. Бір күні редакциядан менің атыма хат келіп тұр. Ашып, оқысам, хатта «Күрметті Ержан! Атаңның иманы саламат болсын! Бірақ өлеңің газетте жарияланбайды. Сәлеммен: Мәдениет және әдебиет бөлімінің менгерушісі Заркын Тайшыбаев» деп қол қойыпты. Бұл компартия заманындағы нақаншылық пен әсіребеңсенділіктің жетегінде жүрген маған өмірлік сабақ болды.

Содан 1986 жылдың желтоқсан айында ҚарМУ-дің филология факультетінің қазақ әдебиеті кафедрасы бір бос орынға конкурс жариялады. «Келешекте ғалым болсам» деген арманмен оған қатысу үшін мен де құжаттарымды тапсырып, ұстаздарым Қаби Лекеровпен және Задан Жұмағалиевпен әңгімелесіп отырғанмын. Оқуды жақсы бітіргенімді білетін олар талабымды қолдап, тілектестік танытуда. Сол кезде бөлмеге Жақанның бөлімінде істейтін Гүлсім Ора-

залиева бас сұғып, аз-кемнен соң шығып кетті. Конкурсқа қатысатын 7 адамның ішінде ол да бар екен. Арғынша кафедраның телефоны шырылдап, оның құлағын көтеріп, тілдескен Қабекен оны маған ұста-та қойды. Арғы жақтағы дауыс: «Әй, ұл, сен онда өтер-өтпесің белгісіз. Сөзді қой да, жылдам жет маған. Мен бас редакторға айтып, сені өз бөліміме жұмысқа аламын» дейді. Сөйтсем, менің осындағы хабарымды Гүлсімнен естіген Заркын ағамыз сол кезде республикалық «Социалистік Қазақстан» газетіне меншікті тілші болып ауысқан Бағдат Мекеевтің босаған орнына мені лайық көріпті. Салып ұрып жетіп барсам, ол бірден мені газеттің бас редакторы Тілеухан Жүсіповке ертіп апарып, шамалы уақыттан кейін қолыма жұмысқа қабылданғаны туралы бұйрығымды ұстатты.

Бұл 1986 жылдың 18 желтоқсаны еді. Қазақстанға Қонаевтың орнына бірінші басшы болып сырттан Колбиннің келіп, сайланғанына қазақ жастарының қарсы шығып, Желтоқсан көтерілісі болған мезгіл. Мен де көп кідірмей, ауылға бардым да, редакциядағы жаңа тілшілік қызметіме кірістім. Қалаға келген соң ауыл мұғалімін 27 жасқа дейін алмайтын жеңілдігі алы-



Ардагер журналист, академик Заркын Тайшыбаев

қатыспаса да, олардың ойынша, ұлтшылдар тізіміне ілінгенімді білдім. Соны сезген Заркын ағам маған интернационалист тақырыбына мақалаларды көбірек жазуды тапсырып отырды. Мен оның ақылымен қазақ арасында өскен Константин Петрович Ботов туралы «Тонның ішкі бауындай» деген суреттеме, Шокай станциясында болған теміржол апаты кезінде машинист

• ОРАМДЫ ОЙЛАР



Мен әлемдегі журналистерді бір атаның баласындай көремін және солай болса екен деп тілеймін. Өз еліне адал, аққа жақ, жетімге пана, әділетсіздік атаулыға қарсы. Африкада бір журналист қаскөйдің оғына ұшса, Америкада бір журналист жаланың жазықсыз құрбаны болса, қайғырамын. Қазақ мемлекетінің әрбір табысында журналистің үлесі бар, ал, қоғамдағы кемшіліктердің әрқайсысына, оны көрмеген, жұртқа көрсетпеген, дабыл қақпаған журналист жазықты. Шәкірттеріме айтарым – осы.

Заркын ТАЙШЫБАЙ,
«Арқа журналистерінің атасы»
атанған белгілі ғалым, публицист



нып тасталды. Онсыз да сол кездегі Ульянов (қазіргі Бұқар жырау) аупарткомының бірінші хатшысы А.Беляев пен аудандық әскери комиссар А.Диков өз аулында «Наурыз» бен «Алтыбақан» мерекелерін ұйымдастырып, өткізгені үшін соңыма түсіп алып, жеңілдігіне қарамай, екі күннің бірінде әскерге шақырып, жұмыс істемей қойған. Тіпті, А.Беляев Желтоқсан оқиғасына байланыста аудан активі алдында жасаған баяндамасында әскерден жалтарғаны деп, менің аты-жөнімді кіргізген. Енді Қарағандыға келісімен оны облыстық комиссарият жалғастырып, күнде түртпектеуін қоймады. Өкіметке қарсы шығып, көтеріліске

орыс жігіті Анатолий Кузнецовті өлімнен алып қалған Ералы Сыздықов, олардың достығы жөнінде очерк, тағы да біраз дүниелер жаздым.

Алайда, мені тексеріп, сынау мұнымен тоқталмады. Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің облыстық басқармасынан бір қазақ майоры келіп, маған Желтоқсан оқиғасы бойынша айыпталғандардың бәрінің ісін беріп, олардың соттарына қатысып, әшкерелеу мақаласын жазуымды қадап тұрып тапсырды. Содан соң, мен сот процестерінің бәріне қатыстым да, Зақанның ақылымен мақаланы жазбай, соза бердім. Комитет қызметкері күн сайын дерлік

сұрап дегбірімді алады. Сөйтіп жүргенде, 1987 жылдың 8 сәуіріне армия қатарына шақырту қағазы келді де, қолымдағы бар істі алып, бас редакторымыз Тілеухан Жүсіповтің алдына қойып: «Аға, осыдан қайтып редакцияға келем бе, келмеймін бе, білмеймін. Бірақ өліп кетсем де, халқымды қарап жазуға қолым бармады» дедім. Ол орнынан атып тұрып: «Айналайын, мен сенен осыны күткен едім» деп құшағына қысып, бетімнен сүйіп, батасын берді. Мұны мен керемет ерлік санап, өзімді қаһарман қылып көрсетуден аулақпын. Алайда, сол уақыттың шындығы осы болатын. Мысалы, мен сот процестеріне бастан аяқ қатысқаны да, жазықсыз қазақ жігіттері мен қыздарын кімдердің айыптап, кімдердің шырылдапты соттағанын, маған келген қауіпсіздік қызметкерлерінің аты-жөндеріне дейін жатқа білемін. Болар іс болып, арада қаншама жыл өткеннен кейін соны қайта қозғап, көңірсүтуді жөн көрмедім.

Сонымен, әскерге шығарып салу кегімді Жаңа әуежайдың жанындағы Құрылыс ауылының сегізжылдық мектебінің директоры болып істейтін туған ағам Мейрамның үйінде өткізбек болып, соған Тілекең мен Зақанды шақырдым. Бас редакторымыз бір шаруасы болып, келе алмай қалып, Заркын ағамыз өзінің ескі көк «Запорожецпен» алып-ұшып жетсін. Жеткені сол, шалбарының балағын түріп алған, жалаңаяқ келіп тұр. Көлігі үйдің іргесінен ағатын Соқыр өзенінің құмына батып қалыпты. Оны үшеулеп шығарып, Зақан түннің бір уағына дейін елден келген әке-шешем, достарым, ағамның көршілерімен дастарқандас болды. Сол түні қайтпай, ағам үшеуіміз залға төсек салып жатып, таң атқанша әңгімелестік. Ертеңінде ол тұтары мен бірге мені Кеңес армиясы қатарына аттандырып салды.

Мен сол кеткеннен мол кетіп, Отан алдындағы боршымыз Молдавияда өтеп, 1989 жылдың 1-қаңтарында 29 жасқа қараған шағымда елге оралдым. Бұл екі аралықта редакцияда ауыс-түйісі болып, бас редакторлыққа Нұрмахан Оразбеков тағайындалыпты. Марқұм ешкімді аламайтын өте әділ адам еді. Ал, менің Заркын ағам, сол баяғы орнында әрі кәсіподақ комитетінің төрағасы қалпында. Келген бетте мені өзіне шақырып алған ол: «Қане, пәтер сұраған өтінішіңді жаз. Сен кеткенде, мен өзінді пәтер алушылар кезегіне қойғанмын. Енді сен бірінші боп тұрсың» дегені. Көп ұзамай бір бөлмелі пәтердің кілтін ие болдым. Осының бәрі екі туып, бір қалғаным болмаса да, әкемдей жақсылық жасап, қамқорлық көрсеткен Заркын ағамның арқасы. Бүгінде өзі тұяғымды іліктіріп кеткен «Орталық Қазақстанымда» әлі күнге еңбек етіп, қалам тербеп жүргенім де сол – Зақан берген тәрбиенің жемісі. Өз басым пайғамбар жасына келсем де, оны әлі күнге ұстаз ағам ретінде пір тұтамын. Қолынан сан рет дәм татқан Гүлнар жемгем екеуін көргенде балаша арсалаңдап, мойындарына асыла кетем. Қазақ біреуден жақсылық көрсе, «Менен қайтпаса, құдайдан қайтсын, құдайдан қайтпаса, баландан қайтсын!» дейді екен. Осы кәсіби мерекеміз күні сол тілегімді қайталап айтып, асыл ағам мен аяулы жемгем ұрпағының қызығын көре берсін деймін!

• ӨЗЕКТІ

Желідегі журналистика

Ақпарат таратуды мақсат ететін журналистика саласын әлеуметтік желісіз елестету мүмкін емес. Тіпті, қазір мерзімді басылымдардың да әлеуметтік желіде өз орны бар. Біз бүгін желідегі журналистика жайлы сөз қозғамақпыз.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Дөңгеленген дүниені алақандағы смартфонға сыйғызған заман қазір. Әлеуметтік желіні пайдаланатын көпшілікте шектен тыс еркіндік бар. Бір күнде әлеуметтік желіде мыңдаған жазба жарияланады. Алайда, ақпараттың шын-өтірігін байылап, байыбына барып жатқан ешкім жоқ. Шындығында, әлеуметтік желі арқылы қоғамдық мәселелер шешіледі. Белгілі журналист Төлен Тілеубай осы ойды қуаттайды. «Әлеуметтік желі журналистік зерттеу, сараптама жасауға мүмкіндік береді» дейді ол.



– Шетелдік тәжірибеге сүйенсек, АҚШ-та қариялар жол ережесін бұзған жолашушыны түсіріп, әлеуметтік желіге жариялайды. Оны көрген тиісті орган өкілдері оқиғаны дереу анықтап, шара қолданады. Біздің еліміз әлеуметтік желінің көмегімен мұндай мүмкіндікке әлі де болса жете қойған жоқ. Өйткені, біздің қоғамда дағдарыс бар. Яғни, ақпарат таратушыларға, ақпараттың рас-өтірігіне сенбеушілік бар. Осындайдан дағдарыс әлеуметтік желідегі журналистиканың дамуына тұсау елдері. Қытай, Америка секілді алпауыт елдерде әлеуметтік желіге салынатын ақпараттар қатаң бақыланады. Біздің елімізге де сондай жүйе керек. Сонда ғана желі арқылы ақпарат тарату өз арнасына түседі, оның ақ-қарасын ажыра аламыз, – дейді белгілі журналист Төлен Тілеубай.

Журналистер мен блогерлер үшін әлеуметтік желі – қоғамға хабар жеткізуде құнды инструмент. Оны қолдануда кәсіби журналистер дұрыс стратегияны ұстануы шарт, яғни бейтарап пікір білдіріп, кәсібиліктен аттамауы керек. Кәсібилік пен этиканың шекарасын аттаса, қоғамның журналиске деген сенімі азаяды.

– Әлеуметтік желіде журналист этиканы сақтауы қажет. Мыңдаған, миллиондаған аудиториясы бар белгілі бір тұлғалар ақпараттың ақ-қарасын ажыратпай, белгілі бір мәліметті, деректі көпшілікке жариялап жатады. Бізде әлеуметтік желіде этика жоқтың қасы. Сондықтан, кез келген маман кәсіби жағынан дамуы керек. Этика сақталмаса, ел сенетін адамға да сенімділік жойылады, – делі Төлен Тілеубай.

Қарағанды облысына белгілі блогер, қоғамға салмақты ой тастап жүрген журналист Айсұлтан Жақыпов азаматтық журналистикада жүргендерді блогер деп айтуға келеді дейді.

– 2009 жылдан Facebook қолданушысымын. Қазір оқырмандар саны 10 мыңға жуықтап қалды. TikTok-та жарты жылды, ал, Youtube-та үш жылда оқырман жиналды. Талай блогерлердің журналист деген дипломы бар. Яғни, журналист адам блогер бола алады, немесе керісінше. Ал азаматтық журналистикада жүргендерді блогер десе, мен соны қолдайтын едім. Өрине, блогер деген сөзді барлығына қолдана беруге болмайды. Жалпы, көп нәрсені жаза беруге болмаса да, ұлттық мүдде дегенге келгенде бас сұғып қала алмаймын, – дейді Айсұлтан Жақыпов.

Ол ақпаратты жариялайтын кезде журналистік этиканы сақтауға тырысатынын айтады. «Жариялауға болмайтын ақпаратты жариялап қойған кезім болған, содан аузым күйген. Жалпы, блогерлікте пайдадан гөрі, қауіп-қатер көп. Үйімнің терезесін сындырған кездер, машинамың төрт дөңгелігін жарып кеткен күн болды», – дейді ол. Айсұлтан Жақыпов қарапайым адамдардың арасында жүріп, көп мәлімет жинауға болатынын айтады. «Әсіресе, такси жүргізгенде көп мәліметке кезігемін. Сондай ақпараттардың бірін ең бірінші болып жариялаған кездерім болды», – дейді ол.

Желідегі журналистиканың жайы – осы. Қазақ журналистикасының алға басуы үшін талай шаруа тындырылып, жүйе жетілуі керек секілді.

• ТАҒЫМ

Рухты журналист

Дүбірлі дүниенің бар лүпілін жүрегінен өткізіп жүрген журналистер қаншама. Солардың бірегейі, қаламының қуатты қарымымен қырық жыл бойы әділет сөзін, ақиқат жолын айтқан білгір журналист, танымал қаламгер Мақсым Омарбекұлын білмейтін адам кемде-кем. Ол Қазауысты Қазыбек бидің «Сөз анасы – шындық» деген даналығын темірқазық жұлдызындай ерекше ұстайды.

САҒЫНЫШ ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Университет қабырғасында жүріп «Жас қазақ» ұйымын құрып, қазақ тілінің тағдырын, салт-дәстүріміздің тығырыққа тірелгенін айтып, Алматыдағы қазақтың ұлы ақын-жазушыларына ашық хат жазды. Сол кезде орыстанған Қарағандыдағы қазақ тілінің халі тым мүшкіл еді. Тіпті, қазақ тілі мектеп бітіргендер жоғары оқуға түсерде емтиханды орыс тілінде тапсырғандығы Мақсым аға бастаған студенттердің наразылығын тудырады. Алайда, жоғарыдағы ағаларға жолданған ашық хат еш жерде жарияланбастан жауапсыз қалады.

1961 жылдары Мақсым Омарбекұловпен жатақхананың бір бөлмесінде тұрған студенттер – Кәрім Сауғабай, ақтоғайлық Совет Әбдікәрімов, өзбекстандық Тұрымбет Ізтайұлы жауапсыз жайды қайта жаңғыртуды қолға алады. Төртеуі сол үндеуді түні бойы көшіріп, көбейтеді. Үндеудің астына «Жас қазақ» ұйымы деген қолтаңба қойып, көршілес факультеттерге таратып шығады. Қолдан қолға, құлақтан құлаққа жеткен үндеуді КГБ-да естиді. Себебі, «Әйтеуір, бір амалсыздықтан, ыза-реніштен, ұлтымыздың тағдырына жанашырлықтан туған осы

бір әрекетеміз із-түссіз кетпей, талай қазақ бозбалалары мен бойжеткендерінің жүрегіндегі ұшқынды жалынға айналдырғаны ақиқат. Өйткені, «Жас қазақ» ұйымының дабыра-даңқы көп жылдарға дейін халық арасында қызу сөз болып жүрді. Демек, оның идеяларының өлмегені, өшпегені ғой...», – деп жазды «Өмір өткелдері» кітабында Мақсым аға. Араға біраз жыл салып, 1964 жылы «Ұлтшылдық сипаттағы үндеухаттарды жасырын таратқындар» деп кінә тағылып, түрлі қудалау жиындары ұйымдастырылады. Диплом қорғауға бір-ақ ай қалған уақытта Кәрім Сауғабай мен Мақсым Омарбекұлов бір жылға институттан шығарылады. Кешегі Алаш арыстарының аманатын ту еткен ағаларымыздың күрескерлік бір қыры осылайша аяқталды.

«Журналист – еңбеккер. Еңбегі бар. Лауазым, атағы жоқ» деген екен Жүмекең Нәжімеденов. Мақсым аға да сондай еңбеккер еді. Сол еңбегінің арқасында «журналист» деген лауазыммен жүріп, бірқатар мәртебелі атағы да болды. Қарқаралыда тұңғыш рет құрылған «Семей-Невада» козғалысының аудандық ұйымының төрағасы болды. Семей полигонының жабылуына зор еңбек сіңірген жауынгер ұйымға басшылық жасай жүріп, полигонды жою туралы митингілер ұйымдастырды.



Қазақстанның Мәдениет қайраткері, Қарқаралы ауданының Күрметті азаматы Мақсым Омарбекұлов

Сол полигоннан зардап шеккен халыққа көрсетілетін жәрдем түрлерінде өз қарарларына кіргізген ұйымның талабы да орындалды.

«...Қасиетті Шыңғыстау мен Балқантау, Абыралы мен Қарқаралы аймағын асты-үстіне келтіріп, ұлы зардабын аждаһадай шашқан атом және сутегі бомбалары зіркілдей жөнелді. Кремльде отырған «күн көсемдер», одан бергі «бейбітшілік жолындағы ұлы күрескерлер» нақ сол жойқын алапат жойдасыз бүрк-сарк еткен жер мен ел қазақтың аруақты, қасиетті жер екендігін, бұл аймақтар – бүкіл бір халықтың ары мен абыройы атанған Абай мен Қазыбектің, Өсет пен Өмірдің, Тәттімбет пен Мәдідің, Мұхтар мен Қасымның елі екендігін білгенде, білгілері



• «ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІНЕ – 110 ЖЫЛ

Ахаң және «Қазақ» газеті

XX ғасырда Ресей империясында ұлттық-либералдық демократиялық қозғалыс өрістеді, монархиялық Ресей конституциялық жолға, экономикасын жаңғыртып, еуропалық ізге сала бастады. Қазақ зиялылары ресейлік жаңа реформаторлық буының бір тармағы есебінде бой көтерді.

Сол кезде ұлт-азаттық қозғалысының бірден-бір көсемі болып Әлихан Бөкейханов шықты. Ол еуропалық тәрбие алған, еуразиялық деңгейдегі энциклопедист-ғалым, қоғам қайраткері еді. Әлихан қазақ сахарасындағы ұлт-азаттық қозғалысын еуропалық демократиялық, конституциялық, парламенттік күрес жолына салды. Ахмет болса, ұлт-азаттық қозғалысына гуманистік, ұлттық сипат берді.

Ахаң отаршылдықтың озбыр саясатына қарсы халықты ояту үшін халықты ағартудан басқа жол жоқ екенін, надандықпен, қараңғылықпен күресу керектігін толық түсініп, бар ғұмырын осы жолға арнады. Ол күрескен кесепаттар – надандық, қараңғылық, отаршылдық, ұлттың азуы мен тозуы, таланған жері, қансыраған тілі, жансыздана бастаған діні, орыстандырыла бастаған ділі болды.


Қазақ зиялыларының Әлихан, Ахмет бастаған тобына тән басты бағыт отаршылдыққа қарсылық еді. Ал, бұл бағыт барша халықтың мүддесіне сай болатын. С.Сейфуллин 1923 жылы 30 қаңтарда «Ахмет Байтұрсынов елуге толды» деген мақаласында: «Байлардан бөліп жарлы тобының ғана намысын жыртып, арын жоқтаған жоқ. Қазақ халқын байға, кедейге бөлмей, намысын бірге жыртып, арын бірге жоқтады», – деп әділ көрсетті, (М.Қозыбаев. Тұлғалар тұғыры. А., 2009.190-б.). Бұл бүкіл ұлттың азаттық майданы еді.

Ахмет Байтұрсынов қазақ зиялыларының рухани көсемі санатында 1913 жылы ұлттық бейресмилік «Қазақ» газетін шығарды. «Құрметті оқушылар» атты кіріспе мақалада Ахаң газетті «халықтың көзі, құлағы, һәм тілі» деп анықтай келіп, оның «жұрттың» деп халықтың арын арлап, зарын зарлап, халықтың сөзін сөйлеп, пайдасын қорғап... қарғаға көзін шоқытпасақ тырысады», – деген тұжырымы арқылы газеттің қоғамда алатын орнын, оның саяси маңызын барынша айқындап берді. («Қазақ» газеті. А., 1998. 10-б.).

Басылымының «Қазақ» аталуында екі түрлі мағына барлығы аңғарылады. Біріншіден, газет жалпыұлттық газет болғандықтан, мақсаты

Аханның осы газет бетінде айтқан кейбір пікірлеріне ой жіберейік: «... әр халыққа керегі – өз діні, тілі, жазуы сақталу ... Әуелгі үш жылда балалар кілең қазақша оқуы керек ... Бастауыш мектепте кілең қазақ

атты тізбекті мақала жазды. Сонда «Алаш» – Отан кісісі, өз елінің патриоты деген мағынаны білдіреді» деп түсініктеме береді. Ең маңыздысы, автор «бұл қазақты бір ұлт ретінде ұйытатын идея» деп атады



– жері бөлшектеніп, елі бытырап жүрген қазақ халқын топтастырып, бір ортаға біріктіру болғандықтан да ұлт атағы иемденіп «Қазақ» аталды. Екіншіден, кітаби, ғылыми, әдеби айналымда қазақ атының өзі аталмай, қырғыз аталып келгендігі белгілі, сондықтан туған халқының төл атын қайта оралту мақсатында қазақ зиялылары өз баспасөзін осылай атауды мақұл көрген. Аханның өзі атау жөнінде: «Аталы жұрттымыздың, ауданды ұлтымыздың аруақты аты деп, газетіміздің есімін «Қазақ» қойдық», – дейді («Қазақ» газеті. 11-б.).

А.Байтұрсынов шығарып тұрған «Қазақ» газетінде 1913 жылдан 1918 жылға дейін қазақ қауымының алдында тұрған бірде-бір саяси-әлеуметтік, мәдени-әдеби мәселе көтерілмей қалған жоқ десе де болады. Газет бетіне ұлттың мәні бар зәру мәселелердің дер кезінде көтеріліп, қоғамдық пікір тұғызу арқылы әлеуметтік күшке айналып отыруы А.Байтұрсыновты жалпы-қазақтық деңгейдегі қоғам қайраткері дәрежесіне дейін көтерді.

тіліне үйрететін нәрселер: оқу, жазу, дін, ұлт тілі, ұлт тарихы, есеп, жағрапия, шаруа – кәсіп, жаратылыс жайы»; «Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектебі һәм сондай болмақшы...», «Әуелі елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастауымыз керек...», «Жастардың оқу-тәрбие жұмысы түзелмей, жұрт ісі түзелмейді...». (Д.Ысқақұлы). Бұлар күні бүгінге дейін маңызын жоймаған, халықтың келешегін ойлаған әрбір азаматтың есінде жүрер өміршен пікірлер.

Газет 1917 жылы шілде айында дүниеге келген ұлттық-демократиялық партияны дайындауда саликалы жұмыстар атқарды. Партия Ресейде 1917 жылы ақпан революциясы жеңіске жеткеннен кейінгі елде орын алған саяси хал-ахуал берген мүмкіндіктер жайында 1917 жылы 12-26 шілдеде Орынбор қаласында өткен бірінші бүкілқазақтық съезде құрылды. Бұл партияға «Алаш» деген ат берілді. Ә.Бөкейхан «Қазақ» газетінің 2-7 сандарында «Түрік баласы» деген лақап атымен, «Қазақтың тарихы»

(С.Аққұлы).

«Алаш» идеясы – қазақ халқының дербес мемлекеттік, тәуелсіз ел болуға деген XX ғасыр басындағы Алаш қайраткерлерінің ұлттық идеясы. Бұл жерде осыған дейін қазақ халқының тәуелсіз ел болуға ниеті болмады ма деп қате түсінбеу қажет. Өйткені, бұл ғасыр қарумен емес – білім мен ғылым арқылы ұмытылған ағартушылық бағыттағы идея болды. Алаш – ұлттың өзін бөлінбес тұтас жер, яғни территория ретінде сезінуі. Өзіндік мемлекеттік шекарасын заңды тұрғыда бекітуге ұмтылған Алаш азаматтарының идеясы. Алаш – қазақ халқының Еуразия материгінде өзіндік орны бар ел ретінде өз енісі мен үлесін анықтау идеясы.

Съезд откеннен кейінгі екі-үш ай бойы оның шешімдеріне сәйкес, Ахаң «Алаш» партиясы бағдарламасының жобасын жасау ісіне белсене қатысты. Ахмет, Әлихан бастаған топ Қазақстан тағдыры Ресей елімен тамырлас екенін пайымдады, демократиялық Ресей құрамында конституциялық жолмен республика

• ОРАМДЫ ОЙЛАР



«Ойбай, қазақ баспасөзі құриды», «Қазақ баспасөзінің ертені – күнгірт» деп күлер ұзін, қол қусыршып қарап отыру ақымақтық. Өзінің зерттеу еңбегімде бұл тығырықтан шығатын барлық жолдарды көрсетіп, жаздым. Соның бірі – баспа БАҚ пен цифрлық газеттің интеграциясын дамыту. Жаңа медиа бұған керемет мүмкіндіктер беріп отыр. Интеграцияланған редакциялардың медиа өнімдері бір жерге біріккенде іс оңға басады. Себебі, газеттің бетіндегі көлемді сараптаманы оқырман бірден оқуға құлықсыздық танытады. Ал сараптаманы инфографика, бейнеграфика, аудиожазбамен түрлендіріп, оған жеделдікті қоссақ, кез келген оқырманның көңілін шығатын медиа өнім пайда болады».

Төлен ТЛЕУБАЙ,
журналист, публицист,
«Ақпарат саласының үздігі»



болуды көздеді. Өз парламенті бар, өз Президенті бар, өзін-өзі билеу құқығы бар. Бұл республика суверенді (егеменді) территориялық автономия болатын. «Алаш» партиясы бағдарламасының жобасы «Қазақ» газетінің 1917 жылы 26 қарашадағы санында жарияланды. Онда «Алаш» партиясының мемлекеттік құрылыс, жергілікті бостандық, жер, дін, сот, оқу-білім мәселелері жөніндегі мақсат-міндеттері тұжырымдалды. Олардың басым көпшілігі жаңадан орнап жатқан Кеңес өкіметінің аталмыш мәселелеріндегі үрдістеріне қайшы келетін еді.

Алаш кезеңінде, әсіресе 1917-1918 жылдарда жарық көрген баспасөз материалдарында қалың қазақ елін жұрт болуға, алауыздықты ұмытуға, бірлесуге үндеген тілек көп жазылған. Мысалы «Қазақ» газетіндегі мақалалар былай аяқталған: «Кейінгі ұрпақ не алғыс, не қарғыс бере жүртің алдымызда зор шарттар бар! Осыны аңғар жұрттың қазақ!», «Жұрттық қылыңдар, тындамаңдар!», «Жастар, жұртшылар, өз бетімен іске кірісі!», «Алаштың ар-намысын жібермейік десек, жұрт, жұрттық қыл», «Алаш туын көтеретін, жұрттығымызды көрсететін, теңдігімізді алатын, ұранымызды шақыратын күн туды. Алаш! Алаш!», «Ақсақал аға, азамат іні, отбасы араздық дауды қой, бірік, жұрт қызметіне кіріс! Алаштың басын қорғауға қам қыл!» (21 ғ. Алаштың Ақ жолы. А., 2021. 211-б.). Ұлт азаттығын тағдыр таңдау деп түсінген Алаш қайраткерлері аса ауыр саяси-әлеуметтік жағдайда қалың қазақ қауымының ар-намысын оятып, санасына азаттық жайлы ой ұрығын бекітіп, оны ел бола аласың деп сендіріп кеткен.

«Қазақ» газетінің жарық көруі – қазақ ұлтының көрнекті қайраткерлері Міржақып Дулатұлы, Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейхановтардың тынымсыз еңбек, риясыз күресінің нәтижесі. «Қазақ» газетінің тікелей дайындығының ауырталығын көтергендер – Мұстафа Оразбаев пен Ахмет Байтұрсынов. М.Дулатұлы: «Публицист ретінде А.Байтұрсынов ешқандай қаражат қоры болмаса да, 1913 жылдың басында Орынборда шын мәніндегі тұңғыш қазақ газеті – «Қазақтың негізін қалап, оның бетінде қазақ халқының мұң-мұқтажын батыл сөз етіп отырды», – деп мақтанышпен жазды. (Ө.Әбдіманұлы). Оянған сана үшін айналған газет өз тұсында ең көп таралған басылым болды. Оның 265 нөмері жарық көрді. Кейбір номерлерінің тиражы 8 мың дана болып шыққан екен (Қ.Өскенбаев).

Мұхтар Әуезов 1913-1918 жылдары шыққан «Қазақ» газетінің кезеңін «Қазақ» газетінің дәуірі деп атады. Ұлт ұстазы 50 жасқа келген күні Мұхтар: «Қазақтың еңкейген көрі, еңбектеген жасына түгелімен ой түсіріп, өлім ұйқысынан оятып, жансыз денесіне қан жүгіртіп ... етек-женін жиғызған «Қазақ» газеті болатын. Ол газеттің жаны кім еді? Ішіндегі қажымайтын қайрат, кемімейтін ескіні кімнің ескіні еді? Ол ескіні ... Аханның ескіні еді. «Қазақ» газетінің сол заманынан бері қарай талай өмір өткен сияқты. Бұл уақыттың жылдап, саусақпен санағандай аз жыл болса да, болып откен оқиғаларына қарағанда көп заманға жауап ұратын толқынды заманның бірі» – деп көрсетті. (А.Байтұрсынов. Ақ жол, 17-18-б.).

Ерғазы ҚАДАШҰҒЫ,
тарихшы

• ӘРІПТЕСТЕР ӘЛЕМІНДЕ

Бір жыл – бір белес

Былтыр дәл осы уақытта Теміртауда қазақ тілді «Temirtau tuysy» газетінің ашылғанын сүйіншілеген едік. Қазір заманның келбеті өзгерді. Қазақ басылымды іздеп жүріп оқитын оқырман азайған шақ. Осындай қысылтаяң шақта кісі қолдауыңыз-ақ, ешқандай бюджетсіз басталған жобаның қазіргі ахуалы қандай? Білмекке құрыш қаладағы құрдан басталған жалғыз қазақ газетінің редакциясына арнайылап ат байлаған едік.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жасырағы жоқ, былайғы жұрт Теміртауды қазақылқандан ада қала деп таниды. Бір кезінде солай болғанда. Тіпті, күні кешеге дейін қалада мемлекет құраушы ұлттың үлесі – үш пайыздың төңірегінде ғана болыпты. Ал, қазір ше? Қандастардың көптеп келуі қаланың демографиялық ахуалын өзгертуге де айтарлықтай ықпал етті емес пе?! Бүгінде қаладағы қазақтардың үлесі 43 пайызға көтерілген екен. Бұл елдің қазақша ақпарат құралына деген қызығушылығын арттырды. Әйтсе де, газет ашу мәселесі жиындарда айтылып, баспасөзде бас көтергенімен, нақты қадамға бара қойған пенде жоқ еді. Осынау олықтықтың орнын толтырмаққа «Орталықтан» тәрбие алып, түлеп ұшқан әріптесіміз Нұрлыхан Қалқаманұлы білек сыбана кірісті.

Теміртауға қазақ газетінің керек екені бұған дейін талай мәрте айтылды, жазылды да. Жиындарда мәселесі мейшаммен қаралып, үстел тоқпақтап, әлеуметтік желіде қызу пікір жазып жар салсақ та өзгерген дөңеже жоқ. Арамгер болып шапқан аттай болған пенде бастың осы кезі қызық-ақ. Қызуымыз басылған соң келесі біреу қайта қауамайынша, дендеген мәселені жылы жауып қоя саламыз. Дәл сол кез «сөзден іске көшейік» деп, әрекет ете қойған

төрағасы Нұрғелді Омарханов бар.

Газет ашылған соң, кеңсе қажет болды. Нұрлыханның айтуынша, ол әуелде қаладағы бизнес орталықтары аралап көрген екен.

– Кеңсе жалдау құны онсыз да мардымсыз бюджетімізге ауыр салмақ салатын болып шықты. Сөйтіп Әлішер Жақыпбеков ағайға газет ашып жатқанымызды айтып едім, қуана қарсы алып, ешқандай ақы-пұлсыз редакция орналасатын орын тауып берді. Қаланың орталық көшесінен мұндай кеңсеге ие боламыз деген ой үш ұйықтасқ түсімізге кірмесе еді. Сол жерде жүріп Нұрғелді Зиядаулымен таныстық. Редакция жұмысын үйлестіру, құжаттарды реттеу мәселесінде ақыл-кеңесін аймай, көп қолдау көрсетті, – дейді Нұрлыхан Қалқаманұлы.

«Temirtau tuysy» газетінің бір ерекшелігі – мемлекеттен бір тиын ақша алмай жарық көруінде. Әріптесіміздің айтуынша, нарық қоғамында ақпарат құралы мемлекеттік тапсырыстан мүмкіндігінше тәуелсіз болуы тиіс екен. Әрі басылымға жазылу науқанын ұйымдастыру, газетті сатылымға шығару ісінде де бірқатар тың бастамаларды қолға алды.

Қазір әлемнің, әлем дейміз-ау Астана мен Алматы тәрізді өзіміздің ірі қалаларымыздың ақпарат ортасы «Жасанды интеллект: тиімділік пен қатер» тақырыбын қызу талқылап жатыр. Ал, біз әлі күнге дейін «аудандық газеттер сайттарында дамытылып, әлеуметтік желіде белсенді болсын» деп, жұрт осыдан 20 жыл бұрын айтқан әңгіменің аузына қаураудамыз. Газет ашар алдында Нұрлыхан елдегі аудан-қалалық газеттердің ахуалымен танысып, анализ жасап шыққан көрінеді. Сөйтсе, басылымдардың басым бөлігінің жағдайы – ауыр көрінеді. Бірен-са-



ран, оның өзінде онтүстік өңірлердегі газеттер ғана жақсы деңгейде, дамып жатыр екен. Бір қызығы, күрделі жағдайда тұрған басылымдардың негізгі табыс көзі – мемлекеттік тапсырыс. Жарнама тарту, газет сату ісі тұралап тұр. Мұнысын «газетке ешкім жарнама бергісі келмейді» деп сылтауратынын қайда қоярсың. Иә, рас. Қазір газетке жарнама басытындар өте аз. Бірақ, біз XXI ғасырда өмір сүріп жатқанымыз шын болса, интернет мүмкіндігі шексіз ғой. Газетке жарнама бермесе, онда сайтты дамытып, әлеуметтік желідегі парақшаға жан бітірген абзал. Осы арқылы жалпақ жұрттан жарнама тарт. Кім қой деп жатыр? Егер сайтты мықты болса, Қазақстан тұрмақ, шетелден де жарнама тартуға мүмкіндік бар. Әрі қазір нарықтың талабы – конвергентті журналистика. Редакциялар біз газеттіз деп ақ қаралы қағазға, телеарнамыз деп саралық ғана телміріп отыратын дәуір өткелі қашан?! Бүгінгі қазақ редакциялары газетті де шығарып,

формаларына тіркелдім. Теміртауда газет ашқанда да негізінен сол платформаларға арқа сүйедім. Бірақ, бір кемшілік бар. Сайт арқылы табыс табу үшін сайттың сағат тәрізді тықылдап, мінсіз жұмыс істеп тұруы керек. Ол үшін сервердің мықты болуы тиіс. Ал, мен хостингте отырмын. Сәйкесінше, мүмкін болған табыстың 10 пайызын ғана таба аламын. Жеке сервер алу үшін қаражат керек. Менің дәл қазір жарнамадан, газет сату мен жазылудан тапқан редакция шығыны мен салықтан артылмайды. Сондықтан, жұмысты жүйелі ұйымдастыру үшін мемлекеттік тапсырыс алу қажеттілігі туындады. Өткенде 1 млн. 400 мың теңге көлемінде тапсырыс алып, игеруді бастап кеттік. Десек те, басқа тапсырыстарға қатыса алмай отырмыз. Өйткені, қалалық әкімдікке қарасты бөлімдер мемлекеттік сатып алу порталына лот жариялаған кезде, техникалық ерекшелікке «Газет Қарағанды облысына тарау керек» деген талап қойып келді. Біз, қалалық газет болғандықтан, оған қатыса алмаймыз. Сөйтіп «идея көп – ақша жоқ» деп алға қойған мақсатымызға ақырын жылжып келе жаттырымыз, – дейді әріптесіміз.

Биыл «Temirtau tuysy» газетінің таралымы 2000 данаға жетті. Жазылушылардың басым бөлігі PDF нұсқаға жазылған екен. Сонымен қатар, бөлек саудаға да алып шығыпты. Нұрлыхан Қалқаманұлының айтуынша, дүкен серлерінен газет айтартықтай көп сатыла қойына-маса да (30-40 пайыз), бұл жарнама берушілерді тартуға, газеттің танымалдылығын арттыруға көп көмек болып отырған көрінеді. Осылайша, бір жыл ішінде жоқтан бар жасаған «Қарашаңырақтың кара баласы» бастаған бастама болашаққа үлгі, ал бүгінге бағдар болсын десек артық емес.

• ТҰЛҒА

Біздің өз дикторымыз!

Қарағанды қаласындағы телевидениенің ашылғанына бір жыл толған тұста оның дикторы болу әркімнің маңдайына жазыла бермейтін еді. Қазіргі уақытпен салыстырғанда ақпарат қанша аз болса, дайындауға, эфирге шығаруға талап сонша күшті болған. Суфлер де жоқ. Сол кезеңде Қарағанды педагогикалық институтының 3-курс студенті Галина Рахимоваға Қарағанды радио-телеарнасынан «Қарағандыдан сөйлеп тұрмыз», «Говорит и показывает Караганда» деп екі тілде жаналық оқу бұйырды.

Журналистер күні қарсаңында Арқа жұртына аты мәлім дикторға хабарласып, әңгімелескіміз келетінін айттық. Межелі жерге барғанда сексеннің сенгіріне шықса да сергек, ескінің көзіндей аяулы, бұрынғының белгісіндей байыпты жан бізді есік алдына күтіп алды.

Назым ДУТБАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»



Қарағанды телевизиясының жарық жұлдызы ең алғаш эфирден теледидардан берілетін хабарлар тізбегін оқып шыққан екен. «Ол кезде эфирден бағдарлама берелі, алғаш сол бағдарламаны оқып шықтым. Заман өзгерген соң бәрі де өзгерді ғой, қазір теледидардан бағдарлама бермейді», – деп бастады әңгімесін телевидение корифейі. Қазіргі жаңалықтардың өте жылдам оқылатынын да тілге тиек еткен ардагер журналист «Жаналық бір тақырыпты ғана қамтымайды ғой, бірнеше тақырыпты баяндайды. Мысалы әлеуметтік тұрмыс, білім-ғылым, ауылшаруашылық, өндіріс, спорт деген секілді тақырыптар төңіре-

ғалымдардың жұмысына қатысты деп соған сай ерекше мән беріп, бір-бірінен өзгеше ырғақта оқыған жөн. Біз солай істеуге тырысатынбыз. Қазір олай жасамайды. Бір нотамен бастайды, сол нотамен аяқтайды. Диктордың дауысы бір-кеккі болмауы керек, тақырыптың мағынасына қарай, әңгіменің ба-



Анасы Бәтима немересі Русланмен

інде болады. Оны оқығанда, бір қалыпша оқып шықпайсың, әрқайсысына мән бересің. Мына хабар оқушыларға арналған, бұл

рысына қарай құбылып отырғаны дұрыс», – дейді.

Қазақстанның халық артисі, күллі қазаққа аты мәлім диктор

Әнуарбек Байжанбаев пен Бүкіл-одақтық радионың дикторы Юрий Борисович Левитаннан тәлім алған жан олардан үйреніп қана қоймай, өзін-өзі талмай дамытып, көп ізденгенін айтады. «Олар білгенін аямайды, айқайламайды, әр шәкіртке жеке-жеке мән беріп, осы дұрыс түсіне екен деп барын салып үйретеді», – дейді. Галина Рахимованың өзі де сол көне заманның көзінде асыл, байыпты, кішіге ізетті. Кәсіби мамандардан алған сабағының өміріне азық болғанын асқан ризашылықпен атап айтады.

«Қазіргі жаңалықтарды көріп отырып қарным ашады. Дикторлар люфтвауза дегенді білмейді, барлығын бір ырғақпен, сыдыртып айтып шығады. Әрбір шараның орнын, уақытын нақтылап айтпай, жалпылама бүгін дей береді. Тым жылдам оқыған соң кейде түсінбей қаламын. Әрине, бүгінгі өмірдің салты сол. Алайда, орыс халқында «Торопись, не спеши» деген мақал бар. Студиядағы диктор оқиға орнынан репортаж жасап жатқан жоқ, ойынның қарқынына ілесу керек дейтін спорт комментатор да емес, ендеше неге асығады?.. Тілші болған күннің өзінде репортажды асықпай мән беріп жасау керек. Ақпаратты көрерменнің жүрегіне жеткізу үшін сөз өз жүрегінен шығу керек.

Өкінішке қарай қазір білікті мамандар шамалы. Дегенмен, телевидение ісінен аз да болса тәжірибесі бар мамандар жас дикторларға жаңалықты мәнгерлеп, жеткізіп оқы деп түсіндірсе, оқитын адам да алдына дұрыс мақсат қойса... Қазіргі оқу мәнері түзеліп кете ме деген үмітім бар», – деген Арқа телевидениесінің корифейін жергілікті телеарналар шеберлік сыныбын өткізуге шақырады екен. Алайда, мұндай сабақтарға бір-екі рет бару аз, бір сабаққа 10-15 адамның қатысқаны көп көрінеді. Себебі жас жүргізушілердің жаңалық оқу мәнерін қалыптастыру үшін жеке-жеке жұмыс істеу керек. Әрқайсының мәнері қай жерде дұрыс, қай жерде олқы болып тұрғанын тәптіштеп жеке-жеке түсіндіру қажет. Оның өзінде үйренуші үйретушінің сөзін қабыл



Композитор Әсет Бейсейев қонақта

алса, өзгеріс болатынын айтады.

«Қазақ телевидениесі ғана емес қазір көп елде диктор деген мамандық жоқ. Журналист-редакторлардың 90%-ы эфирді өзі жүргізеді, мен редактормын, бәрін біліп тұрмын деп, сығытып оқып шығады. Суфлерден оқып тұрған соң, ыңғайсыз болса да айтайын, дикторлардың көзі әрі-бері жүгіріп тұрғаны анық байқалып қалады. Олай болмайды! Біздің кезімізде, жаңалық шығар уақыттан 20-30 минут бұрын тексті оқып, жаттап алатынбыз. Көп дегенде қағазға 1-2 рет көз тастаймыз да, жаттағанымызды оқырманға жүрекпен жеткізетінбіз. Ал, қазір дайын тұрғанды тез-тез оқиды. Ол оқырманға жетті ме, жетпеді ол туралы ешкім ойламайды».

Халық ақпарат алатын негізгі құрал радио мен телеарна болған жылдары екі тілде хабар жүргізген кейіпкеріміздің дауысына тәнті болған мәскеулік көрермен телеарнаға хат жазып, «Анамның туған күні еді, эфирден құттықтай аласыздар ма?» деп өтінген екен. Бұл хат Галина Рахимованың есінен бір сәтке де шыққан емес, көрермен өтініші мұқият орындалғаны да жадында.

Жаңалық жүргізіп қана қоймай, облыстың экономикалық, рухани әл-ауқаты туралы бағдарлама жасап, 2-3 рет Мәскеуге апарған кейіпкеріміз арада біраз уақыт Мәскеуге көшіп барып, ол жақта да диктор болып жұмыс істеген екен. Партия қай аймаққа жіберсе

сол жаққа барып жұмыс істейтін заман тәртібі әйгілі жүргізушіні өзі танылған, өскен-өнген Қарағандыға қайта әкелген.

Ал, Мәскеуге шақырылып, туған қаласын қимай, бармай қалды деген мәліметке қатысты «Қарағанды телеарнасының директоры Евгений Лукнич Пелещук, облыстың радио және телевидение комитетінің төрағасы Қали Әлібекұлы Аманбаев болды. Бағдарламаны Мәскеуге апарған шығарымыз біздің директордан «Сіздердің дикторларыңыз бізге ұнап тұр. Мұндай маманды қайдан тап-

өз дикторымыз, өзіміз үйреттік, өзіміз тәрбиеледік» деп айтқанын жеткізді. Маманын мақтан етіп, оны өзге телеарнаға қимаған басшымыздың сол сөзі әлі күнге дейін құлағымда», – дейді Галина Рахимова.

Көкшетау өңірінде өмірге келіп, Қарағандыда диктор ретінде танылған жанның есімінің Галина қойылу тарихы да ерекше екен. Ол кісі өмірге келгенде әкесінің ұлты украин досы: «Атын мен қойайын, қызымдай болсын», – деп өтініпті. Досының риясыз көңілін бағалаған әке қарсы болмаған.

1959-1998 жылдар аралығында Қарағанды эфирінен түспеген қоңыр үнді диктор телеарнада қызмет еткенінің арқасында көптеген жақсы жандармен жолығып сұхбат алып, өнегесін көріп, тәлімін алғаны үшін тағдырына риза екенін айтады.

Кешегі байыпты күннің өкілі бүгінгіңіз асығыс адамын бата беріп, есіктің алдына дейін шығарып салды. Ал асығыс буынның өкілі қауырт күннің тірлігіне еніп кете берді.



P.S. Сырт қараған адамға бұл диалог кезеңі кездестіргендей, жылдар мен жылдарды жолықтырғандай, уақыт пен уақытты жүзестіргендей еді. Бүгінгіңіз бұрынғыдан үйренері көп еді, дамылдауға уақыт тапса...

тыныздар?» – деп сұраған екен. Мәскеуден келгеннен кейінгі лездемеде директор осыны айтып, «қайдан тапқаны несі, бұл біздің

• ЖАҚСЫНЫҢ ЖАРЫ

«Қараман жаны таза жан еді...»

Белгілі қаламгер, Арқа журналистикасының қара нары, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, марқұм Қараман Айтжанұлы ағамыздың асыл жары Күміс Танабаевамен көптен бері қисынын таппай жүрген кездесудің сәті Буқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің күні қарсаңында түсті. Тілшілік тіршілікте қалтқысыз қызмет етіп, қолынан қаламын тастамай журналист ағамен әріптес ретінде бірге жұмыс жасасам да, өзім сияқты жастарға көп сіттегеніне талай кұз болған едім. Ағамыздың айтқан ақылы бүгінде ақпарат айдынында жүрген жандарға азық болып жүр десем артық айтқаным емес. Қаламгер аға тірі болғанда биыл 70 жасқа толар еді. Қарекеннің журналистикаға сіңірген еңбегі туралы көп айтуға болады. Оның жазған мақалалары, жеке адамдар туралы қалам тербеген автопортреттерінің өзі – бір төбе. Көпшіліктің ыстық ықыласына бөленгенін жақсы білеміз. Бейресми сұхбат құрғанда алдымен ойға оралар сұрақ адамның өмір ағысы, тіршілік тынысы хақында болары анық. Қарашаңырақта отырған журналистің жарымен сұхбат барысында қаламгер ағаның өнегелі өміріндегі қызықты әңгімеге қанықтық.

– Әңгімеіздің әлкісасын Қараман аға қай жерде дүние есігін ашты, қайда оқыды, қандай мамандықтың несі атанғанын бастағанымыз дұрыс шығар. Ағаның өмірбаянына тоқталып өтсеңіз?

– Әрине, өмірбаян кімнің болса да жүрек қылын шертіп, сонау қамсыз күндерге жетелейтін, адам өмірінің бастауы ғой. Ардақты асыл азаматым Қараман Садырбаев 1953 жылы Ақтоғай ауданының Айыртас селолық округінде туған. Қызығы мен киындығы қатар жүретін журналистика мамандығын таңдап, үлкен жауапкершілік арқалады. Көп жылдар журналистика саласында тер төгіп, аймақ тынысын үнемі жариялап, қалам ұстап, ой кешті. Баспасөздегі қызметін 1975 жылы Ақтоғай аудандық «Арқа еңбеккері» (қазіргі «Ақтоғай ажары») газетінде тілшілік қызметтен бастап, біраз жыл ауыл шаруашылығында еңбек етті. 1977 жылы наурыз айында Балқаш көлінің жағасында Приозерный ауданы ашылып, Рыбтрест поселкесі аудан орталығы болды. Сол кезде осы ауданда «Ленин жолы», «Ленинський путь» газеттерінің ауыл шаруашылығы бөлімінің тілшісі болып қызметке қабылданды. Мамандығы – заңгер. 2004 жылдан Балқаш қалалық «Балқаш өңірі» газетінде қызмет істеді. «Дау-



рен-ай» атты очерк, суреттеме, әңгімелер жинағын шығарды. Газет саласында жемісті қызмет еткен қаламгер кейінгі кездері баспасөз саласында түрлі тақырыпта қалам тербеді.

– Қараман ағамен таныстығыңыз қалай басталды, қай жылы шынырақ көтеріңіздер?

– Қайран да, қайран Қарекеннің кешегісін ойласаң, ең әуелі сол кешегі күндердің көңіл түпкірінен не бір асыл ағалар мен не бір жақсы да жайсаңдармен бас қосқан сәт-

тер еске түседі. 1975 жылы Саран педагогикалық училищесін аяқтап, Айыртас савхозына жолдамамен мұғалім болып келдім. Сол жылы мамандардың жетіспеушілігіне байланысты бастауыш сыныпты қабылдап алдым. Ауылда Шүлембек деген замандасымыз әскерге кетіп, әскерге шығарып салу тойына белгілі журналист Орайбек Жүнісұлы мен Қараман келді. Ауылдағы шопандардан және жас маман мұғалімдер Әлия Елеубекова екеуімізден сұхбат алды. Ол

уақытта «Арқа еңбеккері» газетінің бас редакторы Қасжан Ағеділов деген кісі болатын. Содан, Қараман бір аптаға суранып ауылда қалып, Оралбекке жиған-терген ақпаратты ұстатып шығарып салды. 1975 жылы үйленіп, үлкен үйге келін болып түстім. 47 жыл отасып, бірге ғұмыр сүрдік. Азды-кепті өмірімізде біз де Арқа өңірінің абыройлы да беделді азаматтарының, жақсы ағалардың біразымен пікірлес, сыйлас болған екенбіз.

– Қарекен сері адам болды. Ел танып жатқан соң баратын қонағы да көп. Ол кісі жалғыз журналистиканың жалына жабысқан жоқ. Электрлік те, механизатор да болды. Есімін ұмытып отырмын, Аманбаев деген кісі жаңадан келген К-700 тракторының рөліне отырғызған. Ол кезде балаларды асырау керек, бір қасиеті – ешқандай жұмыстан тайынған емес. Сол «К-700» тракторын жүргізіп жүргенде Саят ағамызға «тракторыңыздың жағармайын сатып, ақшалап алайық. Сіз менен бұрын жолға шығыңыз. Мен жанармайыңыз таусылған жерден алып кетемін» деп келіскен екен. Ол уақытта ашы суды ішетін кезі. Қызып алған Қарекен жолда тұрған «К-700» тракторын байқамай, өтіп кетіп, Айыртасқа келіп қонады. Түнде Саят деген кісі есік қағып, өкпесін білдіріп, Қарекен ол кісіні төрге шығарып аман қалғанын атап өткен еді. Тағы бірде күндіз бөрікпен кетіп, бір әріптесінің аппақ қоян бас киімін киіп келген сәті де болған. Неге олай жасағанын сұрасам, басы жүдеп тұрған соң киізіп кеткендігін айтқан. Аңқаулығы және қолындағы затты беріп кететін дархандығы бар еді. Ол кісінің жан тазалығы мен көңіл кеңдігі, ақыл мен парасаттың таразысын салмақтап тең ұстар кеменгерлік қалыбы бөлек-тін. Қараман жаны таза жан еді. Менің пайымым осы!

– Адам ұрпағымен мың жасайды ғой. Ағаның ұрпақтары

дасымының дауысының бір қатты шыққанын да, асығып-аптыққанын да, ғайбат сөйлеп, әлдебіреу жайлы өкпе, реніш сөз айтқанын да, кеуде қағып, өзіншілдікке салынған пенделілігін де естіген де, көрген де емеспін. Тіпті, балаға да ұрыспайтын. Біз әйтеуір әкелерін ұрсады деп балаларды тыйып отырамыз ғой. Қарекеннің кішіпейлділігі мен ішкі мәдениетінің аса жоғары екендігін баса айтар едім.

– Ағаның аңқаулығы жайлы біраз әңгімеден құлағдар болған едім. Аңдамай жасаған бірер қызығы есіңізде ме?

– Қарекен сері адам болды. Ел танып жатқан соң баратын қонағы да көп. Ол кісі жалғыз журналистиканың жалына жабысқан жоқ. Электрлік те, механизатор да болды. Есімін ұмытып отырмын, Аманбаев деген кісі жаңадан келген К-700 тракторының рөліне отырғызған. Ол кезде балаларды асырау керек, бір қасиеті – ешқандай жұмыстан тайынған емес. Сол «К-700» тракторын жүргізіп жүргенде Саят ағамызға «тракторыңыздың жағармайын сатып, ақшалап алайық. Сіз менен бұрын жолға шығыңыз. Мен жанармайыңыз таусылған жерден алып кетемін» деп келіскен екен. Ол уақытта ашы суды ішетін кезі. Қызып алған Қарекен жолда тұрған «К-700» тракторын байқамай, өтіп кетіп, Айыртасқа келіп қонады. Түнде Саят деген кісі есік қағып, өкпесін білдіріп, Қарекен ол кісіні төрге шығарып аман қалғанын атап өткен еді. Тағы бірде күндіз бөрікпен кетіп, бір әріптесінің аппақ қоян бас киімін киіп келген сәті де болған. Неге олай жасағанын сұрасам, басы жүдеп тұрған соң киізіп кеткендігін айтқан. Аңқаулығы және қолындағы затты беріп кететін дархандығы бар еді. Ол кісінің жан тазалығы мен көңіл кеңдігі, ақыл мен парасаттың таразысын салмақтап тең ұстар кеменгерлік қалыбы бөлек-тін. Қараман жаны таза жан еді. Менің пайымым осы!

қай салада жұмыс жасайды, әке аманатын қалай орындап жатыр?

– Алты бала өсірдік. Шын сөйлеуге тырыстық. Алтауын да адальдыққа баулыдық. Тұңғышымы – Шорман «СуЖылуТранс» мекемесінде шебер болып жұмыс жасайды. Сырым жылу жүйесі жағында қызмет істейді. Қарағандыда тұрады. Қарашаңырақта отырған Айдын, Астанадағы балам Абзал, осы Балқаштағы қызым Қорлан жеке кәсіпкер. Кенжеміз Мұхит Қарағанды қаласында тұрып жатыр. Теміржол саласының маманы. Балалар әкесі сияқты қалам ұстап, журналист болған жоқ. Қаранай бауыры мықты тілші болған. Қарекен үйде жазу жазбайтын. Барлығын жұмыс үстелінде жазатын.

Оның өнегелі өмірін артында қалған қарашаңырақтың несі – ұлдары мен қызы жалғап жатыр. 18 немере мен 3 шөберем бар. Мен оларға бақытты да баянды ғұмыр тілеймін. Атам қазақ «орнында бар оңалар» деп тегін айтты дейсің бе?! Жақсының жалғасы екенің ғибратты ғұмырын жалғастырып, келер күндердің көкжиегіне жеткізетініне, сөйтіп, әке үмітің, ана тілегің орындалмайтындығына бек сенімдімін. Осы жерде айта кететін жаңалығымыз бар. Алдағы күнде Қарекеннің «Жапырағын жайған бәйтерек» деген кітабы шығады. Кітапты жинақтауға досымыз, ардагер журналист Оралбек Жүнісұлы көмектесіп, бастамашы болды.

Тіршілігінде сөз өнерін саралады. Рухани байлықтың мұндай білгірінің жан дүниесі әлбетте таза болады. Өмірінің мәні халқына адал қызмет ету, саналы ұрпақ тәрбиелеу болды. Мен бұл кітапты өмірден таза өткен адамның мәңгі өлмейтін рухы алдындағы тағзым деп білемін.

– Сырлы сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан:
Нұрғос ҚӘРІМ
«Ortalyq Qazaqstan»

• БІЗДІҢ СҰХБАТ

Жанар Рамазанова:

«Аймақтық БАҚ-тың 70 пайызы – біздің түлектер»

Арқа ғана емес, еліміз бойынша журналист дайындауда алдына жан салмайтын Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті филология факультеті журналистика кафедрасына биыл – 30 жыл. Кәсіби мереке – Журналистер күні қарсаңында филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, кафедра меңгерушісі Жанар Рамазановамен сұхбаттасуды жөн көрдік...

– Жанар Сембекқызы, 30 жыл аз уақыт емес. Кафедра алғаш ашылған кездегімен салыстырғанда қалай өзгерді?

– Журналистика кафедрасы 1994 жылы құрылды. Орталық Қазақстан өңірінде болашақ журналистерді даярлайтын мамандықтың ашылуына сол кездегі көрнекті журналист-публицист Зарқын Тайшыбай үлкен еңбек сіңірді. Әрине, оқытушы мамандардың тапшылығы, оқу-әдістемелік базаның жоқтығы алғашында қиындықтар туғызды.

Әрине, осы уақыт аралығында көп дүние өзгерді. Күн сайын құбылған заманда білім саласы да соңғы жылдары біраз өзгеріске ұшырауда. Цифрлық оқыту технологиясын пайдалану бүгінгі күні әлемдік трендке айналды. Сәйкесінше, цифрландыру жоғары оқу орындарының оқыту қызметін жана форматқа ауыстырып, оқу үдерісін ұйымдастыру мазмұны мен құрылымын жаңаша құруды көздейді. Оны, әлбетте, білім беруде жана технологияның дамуымен байланыстырамыз. Әсіресе пандемия кезіндегі қашықтан оқыту – оқу үдерісіне жана серпін берді. Білім сапасын арттыратын ақпараттық бағдарламалар енгізілуде. Stepik, Arzamas, Coursea, Youtube секілді платформаларда подкаст, видеодеріс жазып, профессор-оқытушылар танымалдылығын арттыруда. Әр оқытушы осы құралды жетік меңгермесе, ол білім алушылардан еңбек нарығы талап етіп отырған кәсіби құзыреттілікті қалыптастырып бере алмайды.

Журналистерді даярлайтын қазақстандық жоғары оқу орындарының, шетелдік әріптестердің онлайн дәрістеріне, видеоконференцияларына үнемі қатысып отырамыз.

– Өзіңіз айтпақшы, өзгермелі дүниеде уақыт ләгінен қалмай, алдыңғы қатарда болу – маңызды. Бұл әсіресе ақпаратпен жұмыс жасайтын болашақ журналиске керек екені мәлім. Мамандыққа баулуда қандай жаңашылдықтарыңыз бар?

– Журналист болу үшін, ең бастысы, сауатты жазу, көпшілікпен тығыз қарым-қатынас орнату, кәсібіне қатысты жаңашылдықты зерттеу дағдыларын меңгеру қажет. Білім алушы БАҚ-та тағылымдамадан өту, блог жазу, Youtube подкастар жүргізу, ақпарат дайындау арқылы практикалық тәжірибе алуы тиіс. Яғни, цифрлық және деректер



журналистикасында дамып келе жатқан тенденцияға ілес алатын іскер маман болуы керек. Осыларды ескере келе, оқу жоспарына жана пәндер енгіздік. Олар «Цифрлы журналистика», «Онлайн журналистика», «Медиасуауат және ақпараттық қауіпсіздік», «Әлеуметтік медиадағы коммуникация». Профессор-оқытушы құрамы соңғы жылдары жана медиаға қатысты бірнеше оқу басылымын әзірледі. Қойлыбай Асанов пен Жазира Еркіннің «Стилистика және редакциялау: заманауи бұқаралық ақпарат құралдарының стилистикасы», өзіміздің авторлығымыздағы «Әлеуметтік медиадағы коммуникация», Гүлмира Амангельдиеваның «Digital journalism: дәстүрлі бұқаралық ақпарат құралдарының интернет медиаға көшудегі жана парадигмалары» атты оқулықтарды атап өту керек.

Журналистика кафедрасында оқу телевизиясы зертханасы жұмыс істейді. Ол – студия, монтаждық, аппараттық, радиоторабы, эксперименттік оқу аудиториясын қамтитын кешен. Зертханада телевизия және радиожурналистика пәндері бойынша практикалық сабақтар жүргізіледі. Оқу телевизиясы 2009 жылдан жұмыс істеп келе жатса,

студенттік «Buketov Radiosy» 2021 жылдан оқу ордамның бас ғимаратында жұмыс істеп тұр.

– Журналиске оның ішінде теле-радио журналисіне керекті сахна тілі, диқиясының дұрыс болуы. Бұл тұрғыда қандай жұмыстар атқарылуда?

– Орынды сұрақ. Өйткені, соңғы кезде журналистердің басым бөлігі сөйлеу барысында қазақ тілінің грамматикалық және орфоэпиялық заңдылығын сақтай бермейтін болып барады. Мәселен, сөздер мен сөз тіркесін, сөйлемді жазылуы бойынша оқуы. Дыбыстаудағы үйлесім заңдылығы сақталмағандықтан, мұндай сөйлемдердің естілуі құлаққа жағымсыз тиеді, кейде түсінікті қиындатып, ұғымды ауырлатады. Көп жағдайда сөйлемдерді орысшадан сөзбе-сөз (калькалау тәсілімен) аудару етек алып барады. Мысалы, ағымдағы жыл, кең таңдау, екінші рет әке атану тәрізді. Егер осылай кете берсе сағ алтындай таза тіліміз шұрайынан айырылып, жұтаң, келдей тілдің қатарына түседі. Тіл табиғи жарасымнан, бай мағынасынан ажырайды. Сондай-ақ, көп журналист «ң»-ды айта алмайды, «р» дыбысын нақты дыбыстамауы құлаққа түрпеді тиіп жатады. Тіл тазалығы, ырақ, мақам ескерілген жөн. Осы оқылықтарды жою мақсатында «Орфография және пунктуация», «Сөйлеу мәдениеті» сияқты пәндерді енгіздік. Курстарды қазақ тілі білімі кафедрасының оқытушылары жүргізеді. Сонымен қатар «Сөйлеу әдеби» мен «Сөйлеу техникасы» сабақтарын кафедра оқытушылары оқиды. «Сөйлеу техникасы» атты оқу құралы республикалық оқыту әдістеме кеңесінің трифын алды.

– Дәріс оқуға кәсіби журналистерді тартасыздар ма?

– Біліктілік талаптары бойынша жетекші практик-мамандарды оқу үдерісіне тарту міндеттелген. Біз әр оқу жылының басында редакцияларға осы мәселеге қатысты ұсыныс жасаймыз. Бірнеше жыл қатарынан кафедрада «Saryarqa aqparat» медиахолдингі, «Qaragandy habary» қалалық газеті, облыстық баспасөз орталықтарынан штаттан тыс мамандар дәріс оқып, практикалық сабақ жүргізіп келеді. Журналистиканың күнделікті қазанында қайнап жүрген мұндай тәжірибелі мамандардың ертеңгі жас маманға сол саланың бүкіл қыр-сырын теориялық жағынан ғана емес, практикалық жағынан терең меңгеріп, кәсіби білік-дағдысын қалыптастыруы өте маңызды.

– Кафедрадан түлеп шыққан шәкірттеріңізге тоқталсаңыз. Олардың кафедра-

мен байланысы қандай?

– Қазақстанның кез келген бұқаралық ақпарат құралдарында абыройлы еңбек етіп жүрген университет түлектерінің жетістігін үлгі еткен оқытушыларымыз шәкірттерінің әр қадамын назардан тыс қалдырмайтынын аңғартады. Мемлекеттік (мемлекеттік емес) ұйымдардың, Президент әкімшілігі, түрлі министрліктер, мемлекеттік агенттіктер мен департаменттердің баспасөз қызметі және ұйымдастырушылық саласында, сондай-ақ, аймақтық БАҚ-тың 70 пайызы Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, журналистика бөлімінің түлектері екені кафедра үшін үлкен абырой. Журналистиканың теориясын университет қабырғасында жүріп меңгерумен қатар, жергілікті БАҚ-тың шығармашылық ұстаханасында шыңдалуға да мүмкіндіктер қарастырылған. Академиялық ортада «Түлектер лигалары» құрылып жатады, соны да қолға алатын кез келген сияқты.

Шәкірттеріміз жайлы «Атау-Ақпарат» медиахолдингінің бас директоры Ержан Төлек, облыстық Қызылжар телеканалының директоры Ерлан Токшылық, қоғам белсендісі Ләззат Қожахметова, 2023 жылы АМАНАТ партиясы атынан сайланған мемлекеттік депутаты, Францияда «Хабар» телеканалының арнайы тілшісі Әлия Сыздықова, «Jibek joly» телеканалының ақпараттық-сараптамалық бағдарламаларының тілшісі Марк Брюшконы айтуға болады.

– Жанар Сембекқызы, журналист дайындайтын кафедра Журналистер күні қалай атап өтеді?

– Журналистер күнін кафедра өз ортасында ғана өткізеді. Негізінен атап өтетін кәсіби мерекелеріміз – ғылым күні, университет күні.

Әріптестеріміз Журналистер күніне орай ұйымдастырылатын іс-шаралардан тыс қалып қойып жатады. Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің, қала, облыс әкімінің марапаттары иесін тапса деген өтініш бар. Өйтпесе жылда ақпарат саласына жүзге жуық кадр даярлап шығарамыз. Біздің бар жазығымыз – теоретик болғанымызда. Қалжың, әрине. Шыңтуайтына келсек, облыстық дәрежедегі шараларға атсалысуға дайынбыз.

– Сұхбатыңызға рақмет. Шығармашылық табыс тілейміз.

Сұхбаттасқан
Аида РАХЫМҚУЛОВА
«Ortalyq Qazaqstan»

• СЕМИНАР

Өз құқымызды білеміз бе?

«Жанар» Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпұлттық қозғалысының Қарағанды облыстық филиалы «Жастардың құқықтық сауатын және құқық қорғау органдарына деген сенім деңгейін арттыру іс-шаралар кешенін өткізу» тақырыбында Қарағанды «Bolashaq» академиясында семинар өткізді. Аталған шара Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының» қолдауымен өтті.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кездесуге мемлекеттік орган өкілдері, мәслихат депутаттары, Еңбек және құқық қорғау органдарының ардагерлері, облыстық «Қазақ тілі және мәдениет қоғамы» ҚБ өкілдері, облыстық Тілдерді дамыту басқармасының мамандары, «Bolashaq» академиясының студенттері және Қарағанды жоғары «Bolashaq» колледжінің студенттері қатысты.

Семинардың ашылу салтанатында «Bolashaq» академиясының ректоры, заң ғылымдарының кандидаты, профессор Гүлнұр Рысмағамбетова сөз сөйлеп, жиының мән-мазмұнына тоқталды.

Кездесуде ҚР қоғам қайраткері, «Жанар» РҚБ құрметті төрағасы Оралбай Әбдікәрімов, «Жанар» Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпұлттық қозғалыс» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы М.Семғалиев, профессор, «Жанар» РҚБ төрағасының орынбасары Бейбіт Мамраев «Жанар» РҚБ аппарат басшысы, жоба менеджері Кабулла Әлиев өз пікірлерімен бөлісті.

Сондай-ақ, шарада жастардың құқыққа қайшы әрекеттер мен әрекетсіздіктерден хабардар болуы, құқығының қорғалуы және құқықтық сауат деңгейін арттыру мақсатында жастар ортасында құқық қорғау органдарының оң имиджін нығайту мәселелері талқыланды.

Кездесу шарасында «Жанар» РҚБ Қарағанды облыстық филиалының директоры Қ.Сембиев, «Bolashaq» академиясының доценті А.Пименов, ЖББ кафедрасының меңгерушісі А.Лиясова және студенттер сөз сөйлеп, өз пікірлерімен бөлісті.

Шарада жастардың бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру, жемқорлықтың қоғамға зиянды, қауіпті інідет екені айтылып, жастардың әділетті қоғамда өмір сүруі үшін нақты қадамдарға аяқ басуына жол ашу туралы мәселелер қамтылды.

– Семинардың ұтымды тұсы – сыбайлас жемқорлықтың қоғамға жат, қауіпті інідет екені нақты дәлелдермен айтылып, жастардың зиянды әрекеттерден аулақ болуы, әділетті қоғам құруға белсене араласуы туралы егжей-тегжейлі түсіндірілді, – дейді «Bolashaq» академиясы қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, профессор, «Жанар» Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпұлттық қозғалыс» РҚБ Қарағанды облысы филиалының директоры Құрманғазы Сембиев.

Семинар жастардың құқықтық сауатын және құқық қорғау органдарына деген сенімін арттыру мақсатында өткізілді. Жаңа Қазақстанның болашағы жастар қолында екені, жастардың өзін және өзгені заң тұрғысынан қорғай білуі жөнінде сұрақ-жауап арқылы жан-жақты түсіндірілді.

Сондай-ақ, студенттер қоғамдық бірлестік өкілдеріне сұрақ қойып, тұшымды жауап алды.

• ОРАМДЫ ОЙЛАР

«Журналистика – шындықты айтатын, оқиғаны бұрмаламайтын, бүгінгі күннің ең маңызды дүниесін айтатын институт. Ал, оның қалай жұмыс істеуі – әр елдің, әр басылымның, қалаберді әр журналистің моральдық ұстанымына байланысты. Жақында бірнеше мемлекеттің Журналистер кодексіні қарап шықтық. Әрқайсысы әр түрлі, сөйтсе де бәрінде ұқсас ұғымдар да жетерлік. Соның ішінде ең басты деген өлшемдер: жалған ақпарат таратпау, аудиторияны алдамау, тек қана сенімді дереккөздерінен ақпарат алу, көз жетпеген ақпаратты сенсация қылып жарияламау, біреуге күйе, біреуге жала жасау, намысына тимеу, әркімнің жеке басына, отбасына қатысты ақпаратты жарияламау. Бұндай өлшемдер көп. Яғни, журналистика адамшылық қағидаларынан аттамай, ақпарат таратумен айналысуы тиіс. Журналистиканы санаткерлікпен, тәрбиемен, үйретумен, насихатпен шатастыруға болмайды».

Болат МҮРСӘЛІМ,
журналист

«Мәселен, Біз журналистер көпшілікке мысықтың қайда секіргенін айтып үлгереміз. Мұнан соң жұртшылық мысықпен өзі «айналысады».

Артур Сульцбергер,
америкалық журналист, баспагер

«Дамығысы келетін қоғам біріншіден әділ ақпаратты қажет етуі тиіс, екіншіден сол үшін күресе білуі керек. Бұл айтқанымыздың бәрі ақпараттық журналистикаға қатысты».

Дархан ӘБДІҚ,
журналист

Ғылыми орталықтың берері мол


Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың екінші отырысында сөйлеген сөзінде: «Биыл Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930 жыл толып отыр. Осы орайда ғұламаның еңбектерін жан-жақты зерттеп, дәріптеу маңызды. «Ясауитану» ғылыми орталығын немесе институтын құру мәселесін ойластыруға болады» деп атап өтті. Президент бастамасының мәні мен маңызы айрықша екенін, жат ағымдарға қатысты мәселелерді шешуге ықпал ететінін дін өкілдері айтып отыр.

Нұрлос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Бірінші кезекте жаңа бастаманың тиімділігін халыққа жан-жақты түсіндірген дұрыс. Өз заманында халықтың ерекше ілтипатына ие болып, кейінгі ұрпақтың рухани бағдарын айқындауда жетекші рөл атқарған Қожа Ахмет Ясауи соңына баға жетпес байлық, өшпес мұра қалдырып кеткен белгілі тұлға. Ғұламаның шығармашылығы мен өмірін жастар арасында насихаттап, патриоттық сезімді дамытуға үлес қосып, оның ғылыми еңбектерін терең меңгеруге жол ашу қажет. Бұл іс жастарды жат ағымнан сақтауға едәуір ықпал етер еді. «Ясауитану» ғылыми орталығы құрылып, қалаларда филиалы

ашылып, ағартушылық жұмыстар жүргізілсе деген тілегім бар. Мәселен, Балқаш қаласында 80 мың халық тұрады. Бұл шаһардан да филиалын ашып, бірлесіп еңбек етуге болады. Мешіт ағартушылық бағытты қашан да қолдайды. Бүгінгі өзінде Балқаш мешітінде 25 күндік жазғы лагерьде 120 баланың білім алуына жағдай жасалып отыр. Онда ұлттық тәрбие, Отанды сүйу, ата-ананы, үлкен мен кішіні қадірлеу, дәстүрлі дін негізінде білім берілуі. Қазақтың дәстүрін, мақал-мәтелдерін жаттату арқылы жаман әдеттерден алыс болуға шақырып отырмыз, – дейді Балқаш қаласының бас имамы Нұрболат Қалдарбеков.

Ал, саясаттанушы ғалым Айдос Бәделұлы Президенттің бұл орынды ұсынысы-



ның сөз күйінде қалып қоймағанын қалайтынын айтады.

– Бірақ, ескеретін тағы бір дүние бар. Президенттің сөзімен ашыла салса, дұрыс нәтиже бермей қалуы да мүмкін. Сондықтан, ашылған күнде тоқтап қалмай жүйелі жұмыс істеп тұратын орталық болса екен. Негізінде, зерделеп қарасақ, Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық университет бар. Сол білім ошағының жанында зерттеу орталығы

бар. Егер, шынымен де рухани құндылығымызды зерттеп, әлемге паш етуге осындай мүмкіндік туып, ашылып жатса, неге қуанбасқа. Ол өте маңызды саяси шешім болар еді. Өйткені, біздің ұлттымыздың жетістіктерін әлемнің кей елдері мойындағысы келмейді. Қазір қазақ ғылымын әлемге паш ететін уақыт жетті. Президенттің «Ясауитану» орталығын ашу идеясын осы бір ұлы миссияның алғышарты деп білемін. Басқа да

РЕФОРМА –
ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

ғылыми орталықтардың мәртебесін көтеруді қолға алған жөн. Ғылымнан қаржыны аямай, тың ізденістерге, зерттеулерге жол ашылса құба-құп. Қожа Ахмет бабамыздың зерттелмей жатқан дүниелері ұшан-теңіз. Солар елге қолжетімді болып, ғылыми айналымға түссе, керемет қой. Ғалымдардың қызығушылығын оятатын стратегиялық шешімдер қабылданса, қазақ ғылымы үлкен дәрежеге жете алады. Ниетіміз түзу, қабілетті, білімді, текті еліміз. Көптеген ғылымның басында біздің бабаларымыз тұр. Солардың бірі – Қожа Ахмет Ясауи. Сондықтан, Мемлекет басшысының бұл бастамасын қолдау керек, – дейді Айдос Бәделұлы.

БАЛҚАШ

• МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

Мемлекеттік қызметшілер алғысқа бөленді

Мемлекеттік қызметшілер күніне орай, мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің салтанатты шарасы өтті. Танымды шарада «Үздік мемлекеттік қызметші» республикалық байқауының өңірлік жеңімпаздарын марапаттады. Шараға мемлекеттік қызметке өмірін арнаған ардагерлер қатысты.

Департамент басшысы Ербол Жолданғар жыныға қатысушыларды құттықтады.

– Уәкілетті орган мен мемлекеттік қызметшілер арасында ұдайы ұйымдастырылатын түрлі байқаулар, мәдени және басқа да шаралар, қоғам арасында мемлекеттік қызметшілерді сан тұрғыдан көрсетуге, оң келбетін қалыптастыруға септігін тигізді. Аталмыш конкурстарда облысымыздың намысын қорғаған қызметшілеріміз республикалық деңгейде жүделі орындарға ие болғанын аса қуанышпен баршаңызға жеткізім келіп отыр, – деді департамент басшысы.

Мемлекеттік аппараттың үйлесімді жұмысы мықты әрі тәуелсіз Қазақстанды құруға оң ықпалын тигізді. Мемлекеттік қызметші кәй кезде де биліктің биік бейнесін, іскерлік қабілетін айғақтайды. Өңіріміздің әлеуметтік және экономикалық тұрғыдан алға басуы да мемлекеттік қызметшілердің жанкешті қызметтерінің жемісі.



Шет ауданының мәдениет тілдерді дамыту және спорт бөлімінің басшысы Самат Ахмедия:

– Үздік мемлекеттік қызметшілер сайысына Шет ауданынан қатысты. Облыстық деңгейге өттім. Облыстық деңгейден Үздік атанып, кейін республикаға өтіп, ол жақтан өз әріптестерімізбен тартысты додаға түстік. Байқауға 30 адам қатысты. 30 адам ішінен 10 адам іріктеліп алынды. Жеңімпаздарды құттықтаймын. Облыс төңірегінде үздік мемлекеттік қызметші атанып, бүгінгі шараға келіп отырмыз, – деді.

Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы мемлекет басқару академиясының Қарағанды облысы бойынша филиалының директоры Серікжан Байбосынов:

– Мемлекеттік қызметшіге талап өте жоғары. Жылдан-жылға оларға кәсіби біліктіліктен бөлек

адами қарым-қатынаста, әдеп нормаларын сақтап, халықпен бірге жұмыс істеуіне мән беріледі. Бүгінде облыста бес мыңға жуық мемлекеттік қызметші бар. Олардың қатары жас мемлекеттік қызметшілермен жыл сайын толығуда. Сапалық құрамы да өте жоғары. Бүгінгі мемлекеттік қызметші бірінші кезекте әдеп нормаларын толық сақтайтын, таза, әділ объективті жұмыс істейтін халық


Қадыр Иманғалиұлы ЖҰМЫШ

88 жасқа қараған шағында қаламгер, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Қадыр Иманғалиұлы Жұмыш өмірден өтті.

Ол Алматыдағы С.Киров атындағы ҚазМУ журналистика факультетін бітірген соң еңбек жолын «Орталық Қазақстан» газетінде корректордың көмекшісі болып бастап, одан әрі Қарағанды облыстық телевидениесінің «Жаңалықтар» редакциясының редакторы, Саран қалалық радиосының жауапты редакторы, облыстық С.Сейфуллин атындағы қазақ драма театрының әдебиет бөлімінің меңгерушісі және облыстық «Индустриальная Караганда», аудандық «Шұғыла-Восход», «Городская газета», «Азия Транзит» және тағы басқа басылымдарда тілші, бөлім меңгерушісі, аудармашы қызметтерін атқарды. Журналистика саласына 58 жыл өмірін арнаған қаламгердің экология тақырыбына арнап жазған очерктері «Аялы алақан», «Табиғатым – тағдырым» жинақтарында жарық көрді.

Марқұмның жаназасы Өнет баба мешітінен 27 маусым күні сағат 9.00-де шығарылады.

Көңіл айтушылар: Қарағанды облысы ішкі саясат басқармасының басшысы Н.Бикенов, «Орталық Қазақстан», «Индустриальная Караганда» басылымдарының ұжымы, жора-жолдас, әріптестері, журналистика саласының ардагерлері А.Жанғожин, Серік Ақсұңқарұлы, С.Жанысбай, С.Сексенұлы, Ж.Иманәлі, Т.Майбас, Ә.Тойжігіт, Р.Бәстемі, С.Батырхан, «Qazaq club» төрағасы, академик Т.Көкөтай.



Еске алу

Кеше ғана арамызда күліп-ойнап, жарқылдап жүрген ардақты ұл, қамқор аға, қимас бауыр Жұмағали Қалыбекұлы САДУАҚА-СОВТАН қапыда айырғылды. Бір қанатымыз қайырылып, қабырғамыз қайысты. Өлім түгілі өкпеге қимайтын бауыр жайлы ендігі жерде естелік айтамыз деп кім ойлаған?..

Бар-жоғы 47 жасында 2023 жылдың 21 мамырында Жұмағали бауырымыз өмірден озды.

Артында аныраған анасы, қызы, бауырлары, ағайын-туыс, ел-жұрты, достары қалды. Бұл өмірге өшпестей із тастады. Жатқан жерін жайлы да жарық болсын. Топырағын торқа, жаның жәннаттан орын алысын. Бақұл бол, бауыр!

Көре алмай тіршіліктің көп қызығын, Тата алмай шаттық өмір тәттілігін. Жарқырап келе жатқан жұлдызым ең, Өттең-ай! Ерте сөңді-ау от-тұмырың.

Қыраным ең шырқар биік аспанға, Айналардай ұлым едің мақтанға. Пенделіктің ашпай жатып пердесін. Періште боп ұшып кеттің аспанға.



Еске алушылар: анасы – Батима, қызы – Айбарша, бауырлары. Осы маусым айының 28-ші жұлдызында Жұмағали Қалыбекұлының қайтыс болуына 40 күн болады.

Марқұмның қыркы Жаңаарқа ауданы, «Жаңаарқа» тойхана-сында сәрсенбі күні түскі 13.00-де беріледі. Құран-дұға бағышталады. №388

• ӨНЕР

Күй күдірет күмбірлейді

Қаламыздағы Кеншілер мәдениет сарайы «Күй күдіреті» онлайн-челленджін өткізеді. Аталған іс-шара шілденің бірінші жексенбісінде өтетін «Ұлттық домбыра» күніне орай ұйымдастырылуда.



Жан АМАНТАЙ, «Ortalyq Qazaqstan»

Жалпы күйді қазақ музыкалық аспабында әуесқойлар да, кәсіпқойлар да орындай алады. Бұл челлендге қатысамын деген өнерпаздардың жасына, кәсібіне шектеу жоқ. Домбырамен бір күйді орындап, оны бейнеге түсіру керек. Жақсы сапалы бейнені WhatsApp арқылы мына номерге: 8-747-918-46-16 жібереді. Бейнелер 28 маусым мен 2 шілде аралығында Instagram-да

@dkg_krg #Күйкүдіреті хэштегімен жарияланады. Сонымен қатар, сайысқа қатысушыларға тағы бір шарт: олар – @dkg_krg аккаунтының жазылушысы болуы керек, бейнероликте орындаған күйдің атауы және авторы көрсетілуі керек. Сондай-ақ, «Домбыра күніне орай Кеншілер мәдениет сарайы ұйымдастырған «Күй күдіреті» челленджіне қатысамын» деген мәтін де қосылуы шарт.

• ЖАҒЫМДЫ ЖАҒАЛЫҚ

Демалыс орнында полиция бекеті

Облыстық полиция департаменті бастығының бірінші орынбасары полиция полковнигі Құрманғали Ысмағұлов жұмыс сапарымен Балқаш өңірінде болып, «Алматы-Екатеринбург» тас жолының жағдайымен танысты.

Салтанат ІШІЯШ, «Ortalyq Qazaqstan»

Жолдағы қауіпсіздік жағдайымен танысқаннан кейін Құрманғали Ысмағұлов қалалық әкімдікке қарасты Торанғалық және Шұбартүбек елді мекендеріне арнайы барды. Аталған елді мекендерде 39 демалыс орны бар. Бұл жерге тек Қазақстан ғана емес, алыс-жақын шет елдерден келіп демалады. Жергілікті билік өкілдері бұл жерге жазда шамамен 80 мың демалушы келетінін айтады.

– Балқашқа келіп демалушылардың қауіпсіздігін қадағалау, демалушылар арасында құқыққа қайшы әрекеттерге жол бермеу мақсатында осы жерде уақытша

полиция бекетін аштық. Осыған орай облыстан тәртіп сақшыларын әкеліп, олар 1 қыркүйекке дейін осы аумақта қызмет атқаратын болады. Демалушылар арасында кей жағдайларда заңға қайшы әрекет ететіндер де көп кездеседі. Сондықтан, бұл жаққа келген полиция қызметкерлері тәртіпті қадағалау мақсатында жұмыс атқаратын болады, – деді Құрманғали Ысмағұлов.

Сапар соңында полиция полковнигі тәртіп сақшыларына қоғам тыныштығы үшін жұмыс атқаруға нұсқама берді.



• ТЕАТР

Махаббат ғадауатынан бір сыр

Сәкен Сейфуллин атындағы Қарағанды академиялық қазақ драма театры 29 және 30 маусымда сағат 18:30-да осы маусымның соңғы премьерасын ұсынады. Ол мұзбалақ ақын Мұқағали Мақатаевтың «Қош, махаббат» спектаклі.



Жан АМАНТАЙ, «Ortalyq Qazaqstan»

Танымал режиссер Айдын Салбанның режиссерлігі мен жетекшілік еткен шығармалары бүгінде шың басында.

«Қош, махаббат» жалпы қызғаныш пен алалаушылыққа қарсы тұра алмаған махаббат турасында. Басты кейіпкерлер – Бағдат пен Банудың қарым-қатынасы оқырман мен көрермен қызығушылығын тудырап оқиға. Жігіт – болашақ композитор, бойжеткен – мұғалім. Спектакль сізге шынайы махаббат өтірікке төзе алмайтынын және кешірмейтінін мойындатады еріксіз.

Сондай-ақ, спектакльде Мұқағали Мақатаевтың танымал өлеңдеріне жазылған әндер шырқалады. Махаббат ғадауатын баяндар осынау қойылымға келем деушілер билеттерді театр кассасынан немесе ticketon.kz сайтынан сатып ала алады.

Жарнама бөлімінің байланыс телефоны:

43-21-55

Қарағанды облысының ішкі саясат басқармасы Дмитрий Сергеевич Полтаренкаға анасы Наталья ПЕТРОВНАНЫҢ қайтыс болуына байланысты орны толмас қазаға қайғырып көңіл айтады.

Қарағанды облысы: ауа райы						
	28 маусым		29 маусым		30 маусым	
Қарағанды қаласы	+18	+12	+23	+11	+26	+12
Абай ауданы	+18	+12	+23	+10	+26	+10
Ақтоғай ауданы	+19	+11	+23	+8	+26	+11
Бұқар жырау ауданы	+17	+11	+21	+10	+24	+10
Қарқаралы ауданы	+16	+10	+21	+8	+24	+10
Нұра ауданы	+19	+11	+24	+10	+27	+11
Осакаров ауданы	+17	+12	+22	+11	+25	+12
Шет ауданы	+18	+11	+23	+9	+20	+7

Ақпарат <https://www.gismeteo.kz/> сайтынан алынды



• ҚҰРМЕТ

Қайраткер рухына тағзым

Кеншілер астанасы Қарағанды шаһарында қоғам қайраткері Жақып Ақбаевтың ескерткішіне гүл шоқтарын қою салтанатты рәсімі өтті. Аталған шара Алашорда үкіметінің мүшесі құрметіне «Судья және сот қызметкерлері күніне» орай ұйымдастырылған.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аталған жиынға Қарағанды қалалық мәслихатының төрағасы Алтынтөре Бөкенов, Қазақстан Республикасы Судьялар одағының Қарағанды облыстық филиалының төрағасы Е.Мұхамедин, қалалық және аудандық соттардың төрағалары, жаңадан тағайындалған судьялар, бөлім басшылары және сот әкімшілігінің мамандары қатысты. Қалалық мәслихат төрағасы Алтынтөре Жангелдіұлы, Судьялар одағының Қарағанды облыстық филиалы төрағасы Елік Серғалиұлы және Қарағанды қаласы тергеу сотының төрағасы Шамшильдин Жолкенов құттықтау сөз сөйлеп, сот жүйесінің барлық қызметкеріне табыс пен амандық тіледі. Жақып Ақбаевтың өмірбаянына тоқталып, оның есімі халық жадында мәңгі қалатынын атап өтті.

Ескерткішке гүл шоқтарын қою рәсімінен кейін жиналғандар бір минут үнсіздікпен қайраткер рухына құрмет көрсетті.

Алаш зиялысы, қажырлы күрескер, қайраткер, «Алашорда» үкіметінің мүшесі, заңгер, құқықтану магистрі Жақып Ақбаев қысқа ғұмырында патриотизмнің асқан үл-



гісін көрсетіп, еліне адал қызмет еткен бірегей тұлға.

Ж.Ақбаев университетте оқып жүргенде-ақ ілім-білімнің сан алуан саласын меңгеруге талаптанған. Мемлекеттік сынақ комиссиясында «Қазақтардың некелік

құқығы» атты тақырыпты қорғау үшін бекітіп алады. Кейін осы тақырыпты қамауда отырғанда терең зерттеп, зерделеп, 1907 жылы Орыс географиялық қоғамының

Ол Алаш қайраткерлерімен пікірлесіп жүріп, қазақтың әдет-ғұрпы, отбасы-неке құқығы туралы зерттеулер жүргізген. Түрлі баспасөз беттерінде публицистикалық өткір мақалалар жариялады. 1909 жылы Абай Құнанбаевтың өлеңдерін жинақ етіп басып шығаруға қолғабыс жасап, азаматтық танытты. 1907 жылы «Қазақстандағы семья-неке қатынастары», 1927 жылы «Қа-

Семей бөлімшесінің жазбаларында жарияланғаны нағыз еңбекқорлығын, азаматтығын айғақтайды.

Оның халық мүддесін студент болып жүрген кезінде-ақ қорғай бастағаны жиынға қатысқан жастардың қызығушылығын оятты.

зақтың шығу тегі туралы» еңбектерін жазып, жарыққа шығарды.

Осындай тағлымды шаралар жас ұрпақ бойына бағыр бабалардың асқақ рухын сіңіруде аз да болса септігін тигізгісі хақ. **ҚАРАҒАНДЫ**

• БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТ

«Дені саудың жаны сау»

Халықаралық есірткіге қарсы күрес күніне орай, Қарағанды қаласының орталық саябағында жаппай жүгіру шарасы өтті.

Аталған спорттық шараға Бейімбет Қанжанов, Бекзат Ахметбеков, Ажар Салықова, Никита Гарас сынды чемпион спортшылар қатысты. Саябақтың орталық алаңында жылдам қимылдайтын арнайы жасақ (СОБР) кинологиялық бөлімше жауынгерлері мен жергілікті әуесқой спортшылар сайысқа түсті. Бұдан соң шара концерттік бағдарламаға ұласты.

• ЖАМБЫ АТУ

Нұрасыл – бас жүлдегер

Көкшетауда өткен жамбы атудан ел біріншілігінде қарағандылық 16 жасар Нұрасыл Оралхан ат қылына орапқан тайтұяққа атқан оғын дәл тигізіп, рекорд орнатты. Ол сайыстың бас жүлдесіне тигізілген 300 мың теңге ақшалай сыйға ие болды.

Сайыс шарты бойынша мергендер атпен 120 метр қашықтықты шауып өтіп, нысана көздеді. Олар қазақ, түрік, кәріс стилінде садақ тартты. Осылайша үш стильде де біздің қарағандылық Нұрасылдың бағы басым болып, алға шықты. Жалпы чемпионат қорытындысы бойынша командалық есеппе Түркістан облысы І орын алды. Ал, жекеше сайыста Арқа мергені «Көрермен көзайымы» атанды.



• ДЗЮДО

Үздіктер қатарында

Монғолияның Ұлан-Батор қаласында Grand Slam сериясының дзюдодан турнирі аяқталды. Татамидегі тартыста Қазақстан құрамысы жалғыз қоланы қанағат тұтып қайтты.

Иә, сол жалғыз марапатты Абылайхан Жұбаназар жеңіп алды. Ол 81 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде қола жүлдегер атанып, ел абыройын асқақтатты.

Сондай-ақ, 48 келіде белдескен Ғалия Тынбаева кіші финалда қарсыласқа есе жіберіп, турнирден тыс қалды. Ал, Нұрқанат Серікбаев 60 келіге дейінгі салмақта белдесуін сәтсіз бастады. Осылайша Монғолия жерінен біздің құрама үздіктерімізді қоласын қанағат етті.



Дайындаған
Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Оқырман назарына!

Газетіміздің келесі саны 1 шілде, сенбі күні шығады

• КӨРМЕ

Түлектер еңбегі музейде

Облыстық бейнелеу өнері музейінде №1 балалар көркемөнер мектебі түлектерінің шығармашылық жобасын қорғау жиыны өтті. Музей мектеп оқушыларының жұмысын қорытындылауға салтанатты жағдай жасап, ерекше мән берді. Мұндай қарым-қатынас оқушыларды өнерге бейімдеудің бірден-бір жолы болып табылады.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Көптеген жылдар бойы көркемөнер мектебінің балалары мен музей арасында «Жас түлек» жобасы аясында шығармашылық ынтымақтастық беки түсті. Мектеп оқушылары кең аудиторияда ата-анасы мен курстастары алдында жұмысын қорғайды. Бұл мұғалімдер мен оқушылардың емтиханы әрі оқу қызметінің есеп беру көрмесі. Бағдарлама бойынша балалардың қорытынды жұмысы ұсынылған.


Соңғы жылдардағы экспозицияларға қарасақ оқушылар мен олардың жетекшілерінің жыл санап дамығанын білуге болады. Мектеп, ең алдымен, балалардың шығармашылық эмоционалды-эстетикалық көзқарасын дамытуға арналған. Бұл өз бетінше шығармашылық түрде ойлау қабілетін шыңдайды. Балалардың жұмыстары аралас, әртүрлі техникада, түрлі стиль-

де орындалған. Көптеген жұмыстар біздің көпұлтты және түрлі дәстүрлерге толы өлкеміздің бірегей сипатына негізделген. Бұл оқушылардың патриотизмін, рухын, туған жерге деген сүйіспеншілігін көрсетеді.

Әр баланың жұмысында ұстаздың елеулі еңбегі жатқаны мәлім. Ұстаздық кәсіби тұрғыдан қолдауы шығармашылық тұлғаның қалыптасуына тікелей әсер ететінін айта кету керек.

«Жас түлек – 2023» 4 сынып оқушыларын дайындаған жетекші мұғалімдер: А.Сарымсақова, Т.Алешина, А.Орлов. Олар шабыттандырушы, шығармашылық тұлғаның жетілуіне елеулі үлес қосқан жетекшілер.

Шара соңында «№1 балалар көркемөнер мектебі» түлектеріне мектепті бітіргені туралы күзлік салтанатты түрде табысталды.



Жетекшілер:
Алешина Т.С.
Орлов А.Н.
Сарымсақова А.С.

• ДӘСТҮР

Ұлттық құндылықты дәріптеген

Қазақтың ұлттық құндылықтарын, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын келешек ұрпаққа заманауи түрде таныстырып, жаңғырту мақсатында құрылған «Дарабоз» қоғамдық қоры ресми түрде маусым айында жұмысын бастаған. Қордың негізін қалаушы – Әсемгүл Жақыпова, орталықтың құрылтайшысы – Шолпан Әшірбекова.

Ашылу салтанатына «Теміржолшылар» мәдениет үйінің басшылығы, дәстүрлі қолданбалы өнердің шебері, ұста Қылышбек Құрмантегі, халықаралық, республикалық конкурстардың лауреаты, «Арқа Сазы» фольклорлық ансамблінің концертмейстері, күйші Елжас Назарбекұлы, сондай-ақ Сұрыптау кентінен он сауағынан өнер тамған қолөнер шеберлері қатысып, ақжарма тілектерін білдірді.

Қоғамдық қордың басты мақсаты – ұрпақтан ұрпаққа мұра болып келе жатқан қолөнердің қыр-сырын танытып, он сауағынан өнер тамған шеберлердің үздік туындыларын көпшілікке ұсыну. Әртүрлі жоба, көрме, үйірме ұйымдастыру болып табылады.

Астана қаласында өткен «Аламан құрақ» іс-шарасына «дарабоздықтар» да



шақырту алды. Еліміздің түпкір-түпкірінен барған шеберлер өз туындыларымен бірге ұлттық киім үлгілерінен сән көрсетілімін жасады. Ұлттық құндылықтарымызды дәріптейтін орталық атынан

қатысқан жетекші Әсемгүл Кадетқызы мен ерікті Маймуна Сарсенбайқызы «Кимешекті әже» атты дефилеге қатысып, жүлдегер атанды.

Қор мүшелері жақында Әлихан Бөкейхан ауданындағы №14 мектеп гимназиясындағы «Күншуақ» жазғы сауықтыру лагеріне барып, балаларды қазақтың көне жәдігері – қамшымен таныстырып, өру жолын үйретті. Мұндай танымдық-тәрбиелік дүниелер болашақта қаламыздағы басқа мектептерде де жалғасын таппақ.

Қазір қор ұжымы Астана күніне қарай өтетін республикалық көрмеге қазақтың әшекей бұйымдарын, кимешек секілді ұлттық киімдерін дайындап жатыр. Қолөнерді дамыту арқылы ұлттық мәдениетімізді, құндылықтарымызды жоғалтпай, әрі қарай осындай игі шаралардың жалғасатынына сеніміміз мол.

Дархан УӘЛШЕВ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі

ҚАРАҒАНДЫ

ORTALYQ QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МӘНШІК ИЕСІ: «Сауатқа Ағрағат» ЖШС
Бас редактор –
Е.К. МҰСАБЕК
Бас редактордың орынбасары –
Н.С. ДҮТБАЙ
Сайт редакторы –
І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы м.а. –
Ж.Қ. ШАЛҚАР

Телефондар:

Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:

Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Призерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шақтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген (R)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімжан Ермеков көшесі, №93 үй.

Электрондық пошта: ortalayk.kz@gmail.com; ortalayk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalayk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілімесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ

Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KZJWBZKX БИН 000840001412

Таралымы 5 885

№71 тапсырыс. Индекс 65484

Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арқ» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор Салтанат ШИЯШ